

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

қолжазба құқығында

Бурибаев Мурат Ерболатович


ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚУАТТАРЫН
АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТТЫ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

«Мемлекеттік менеджмент» (өндірістен қол үзбей) білім беру бағдарламасы

«7M041 Бизнес және менеджмент» даярлау бағыты мамандығы бойынша

«Мемлекеттік менеджменті магистрі» дәрежесін алу үшін магистрлік жоба


Ғылыми жетекші:



Есиркепова А.М., экономика
ғылымдарының докторы,
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясының Мемлекеттік саясаттың
ұлттық мектебінің профессор м.а.

Жоба қорғауға жіберілді: «27» мамыр 2021 ж.

МСҰМ институтының
директоры:



Әбдіқалықова М.Н.,
психология ғылымдарының
кандидаты, Қазақстан
Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясының Мемлекеттік
саясаттың ұлттық мектебінің
профессоры

Нұр-Сұлтан, 2021

Магистрлік жоба мазмұны

Нормативтік сілтемелер.....	3
Белгілер мен қысқартулар.....	4
Кіріспе.....	5
Әдебиеттере шолу.....	5
Зерттеу әдістері.....	8
1 Нарық жағдайындағы өнеркәсіптің теориялық негіздері және экономикадағы өнеркәсіп саласының алатын орны мен маңыздылығы.....	9
1.1 Стратегиялық қуаттарды арттыруға бағытталған мемлекеттік өнеркәсіп саясат түсінігі және оның экономикасындағы рөлі.....	9
1.2 Қазақстандағы өнеркәсіп саясатының механизмдері, даму ерекшеліктері, тарихи аспектілері.....	15
1.3 Өнеркәсіптік саясатты жүргізудің әлемдік тәжірибесі және оның құрылымдық даму ерекшеліктері.....	21
2 Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиялық қуаттарын жетілдіруге бағытталған ұлттық өнеркәсіптік саясат және оны жүзеге асыру механизмдеріндегі мәселелер	28
2.1 Өнеркәсіп өндірісінің құрылымдық даму потенциалын статистикалық талдау және оны дамыту мәселелері.....	28
2.2 Қазақстан Республикасындағы түсті металлургия кешені және мыс өнеркәсібінің даму деңгейі мен өндірістің елімізде алатын орны.....	33
2.3 Шикізат базасын нығайтуға бағытталған инновациялық ұсыныстар және өнеркәсіп қабілеттілігін жоғарлату механизмдері мен жетілдіру жолдары.....	37
Қорытынды.....	46
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	48
Жұмыс нәтижелері бойынша аналитикалық жазбахат	

Нормативтік сілтемелер

1 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы

2 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы (2018, 10 желтоқсан)

3 "Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы (14 қаңтар, 2019 ж.)

4 "Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы (12 мамыр, 2021 ж.)

Белгілер мен қысқартулар

FTP - (File Transfer Protocol) желіде файлдарды жіберуге және алмасуға арналған интернет-протокол.

АҚШ – Америка Құрама Штаты

АӨК – Агроөнеркәсіптік кешен

ҒЗТКЖ - ғылыми зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.

ДСҰ – Дүниежүзілік ысауда ұйымы

ЖҰӨ – Жалпы ұлттық өнім

ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖК – Жеке кәсіп

НКИ - Нейрокомпьютерный интерфейс

ЖЭС - Жилищно-эксплуатационная служба

АҚ – Акционерлік қоғамы

Кіріспе

Зерттеу мәселесі мен өзектілігі. Осы орайда таңдап алынған тақырыптың өзектілігі мынада: нарық жағдайындағы өнеркәсіптің экономикадағы алатын орнын анықтау арқылы кәсіпорындардың сапасына баға беру, өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесін зерттеуге, сондай-ақ оның тиімділігі қағидаттарын қарастыруға баса назар аударылады. Экономиканың саяси құрылымдық өзгерістері нәтижесі еліміздегі өнеркәсіп саласындағы күрделі өзгерістерге алып келді. Осыған орай өнеркәсіп саясатын дамытуға бағытталған міндеттерді іске асыруға "Қазақстан-2050" стратегиясы бағындырылуы елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын, соның ішінде өнеркәсіп саясатын жүзеге асырудың негізгі механизмдерін анықтау. Өңірлерді дамыту бағдарламалары Ел басшысының отандық өндірістерді қолдау жөніндегі үндеуіне сәйкес Қазақстан өнеркәсібінің жаңа саясатына талдау жасалып, оны жүзеге асыру жұмысының жүргізілуіне ғылыми зерттеу жүргізіп, бағамдау. Сондай-ақ, отандық өндірушілерге ішкі және сыртқы нарықта бәсекелік қабілетті өнімдер өндіруіне экономикалық қолайлы жағдай жасау үшін не істеу қажет деген мәселелердің шешілуіне үлес қосу.

Жобаның мақсаты. Қазақстан экономикасының стратегиялық қуаттарын арттыруға бағытталған мемлекеттік өнеркәсіптік саясатты жүзеге асырудың механизмдерін зерттеу.

Жобаның міндеттері.

- Еліміздегі өнеркәсіп өндірісінің жалпы жағдайын қарау және осы саладағы инновациялық процестердің дамуын талдау;

- Өндірілетін өнімнің бәсеке қабілеттілігін жетілдіру механизмін зерттеу әрі ол тұжырымдаманың экономикалық мазмұны мен мәні талданады;

- Өндірістік саясаттың құрылымдық элементтері, субъектілері және объектілері, құралдары және оны жүзеге асырудың механизмдері және жеке өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру және жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесі зерттеліп, оның тиімділігінің қағидаттарын қарастыруға баса назар аудару;

- Қазақстандағы өнеркәсіп саясатының механизмдері, даму ерекшеліктері, тарихи аспектілері және өнеркәсіптік саясатты жүргізудің әлемдік тәжірибесі және оның құрылымдық даму ерекшеліктері мен құрылымдық даму потенциалын статистикалық талдау және оны дамыту мәселелері;

- Қазақстан Республикасындағы түсті металлургия кешені және мыс саласының даму деңгейі және өндірістің елімізде алатын орны. Шикізат базасын нығайтуға бағытталған инновациялық ұсыныстар және өнеркәсіп қабілеттілігін жоғарылату механизмдері мен жетілдіру жолдарын талдау;

Гипотеза және күтілетін нәтижелер. Осы тақырыптағы ұсынылған ұсыныстар мен зерттеулер мемлекеттік өнеркәсіптік саясат деңгейінде ғана емес, басқа мемлекеттік өнеркәсіптік жұмысында да тиімді іске асырылатын және пайдаланатын болады. Өнеркәсіптік саясатты және мемлекеттік дамыту шараларын іске асыру үшін бірінші кезекте өндірісте сауда қызметін реттеп,

инвестиция тартылып, инновацияларды дамыту арқылы өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың тиімді ведомствоаралық үйлестіруін қамтамасыз етуден тұратын институционалдық базаны шоғырландыру қажет екеніне фактілер келтірілді.

Практикалық маңыздылығы – ұсынылған ұсынымдар мен зерттеу жұмыстарын кәсіпорындар өз жұмыстарында қолдануға, ақпараттарды пайдаланып статистика жүргізуге, салыстыруға, ұсыныстарды іске асыруға, идеяларды пайдалануға мүмкіндігі бар.

Әдебиеттерге шолу – Магистрлік зерттеу барысында А.Т. Қартабайдың «Мұнай-газ өндірудің заманауи тыңтехникасы мен технологиясы», «Қабаттардың мұнай бергіштігін арттыру техникасы мен технологиясы» кітаптары, К.Р.Касенов пен Ә.Қ.Агзамның «Кәсіпкерлік стратегиялар» кітабы, А.Е. Калиева мен П.Қ.Салибекованың «Инновациялық кәсіпкерлік» кітабы, Н.Назарбаевтың «Жаңа кезең - жаңа экономика» жинағы, Л.М. Синицаның «Организация прозводства» кітабы, Р.А. Фатхутдиновтың «Организация прозводства» кітаптарынан және тағы басқа кітаптар мен сайттардан ақпараттар алынып, зерттеу жұмысына пайдаланылды.

Жобаның ғылыми жаңалығы.

- Өнеркәсіптердің даму принциптері нақтылайтын - экономика, өнеркәсіп және өнеркәсіп салалары бойынша еңбек өнімділігін зерттей отыра еңбек құралдарының жабдықталу деңгейі бойынша технологиялық операциялардың түрлерін анықтау және өнімдерді дайындаудың технологиялық процесстеріне зерттеу жүргізілді;

- Өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыруға бағытталған ережелер сараланып, өндірістік құрылымға әсер ететін факторлар анықталды және мемлекеттік реттеудің индикативтік жоспарлау жүйесінің маңызын анықтап, әлем елдерінің өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған тәжірибелеріне сүйене отырып статистика жасалды;

- Өндірісті үлкейтуге, пайда табуға ниетті кәсіпкерлер өкіметтен ұсынып отырған демеуді пайдалана отырып жасауға міндетті істері тізбектелді және «Отандық кәсіпорындарға қолдау білдіру мақсатында қандай механизмдер әзірлеу қажет?» деген сауалға жауап іздеп көрдік;

- Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту барысындағы 2020-2025 жылдарға арнап жасалған мемлекеттік бағдарлама аясында қандай жоспарлар бары анықталып, талқыланды, сондай-ақ еліміздегі облыстардың өндірістік саладағы орны мен пайыздық көрсеткіші анықталып, экспортты әртараптандырудың түйінді локомотивіне кіруге және жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне кіруді жоспарлай отыра Қазақстандағы түсті металлургияның шикізат базасындағы басты ерекшеліктерін анықтап, 2020 жылы еліміздегі өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі және облыстардағы көрсеткіштері туралы зерттелді;

- Әлемдік тенденциялардың жағымсыз әсерін азайтып, өңдеу өнеркәсібін одан әрі жақсарту үшін 5 нұсқаулық ұсынып, өнеркәсіптік саясатты іске асыру

үшін бірнеше шаралардың жоспарын ұсынып, өнеркәсіптік саясатқа SWOT-талдау жасалып, оны 5-ке бөліп қарастырдық;

Зерттеу әдістері

Магистерлік жобаны жазу барысында өнеркәсіптік саясатқа SWOT-талдау жасаған болатынбыз, өнеркәсіп саясатының артықшылықтары, әлсіз тұсы, мүмкіндіктері және саясатқа тигізетін қауіптері туралы зерттелді. Сондай-ақ, өнеркәсіптік саясаттың эволюциясы және жаңа бағыттары, табыс деңгейі жоғары елдердегі өнеркәсіптік саясаттың модельдері мен құралдары, сондай-ақ, табыс деңгейі орташадан жоғары елдерден табыс деңгейі жоғары елдер тобына өткен елдердегі өнеркәсіптік саясат нысандары мен құралдарының ерекшеліктері, өңірлердің технологиялық күрделілік бойынша мамандануы, Қазақстанда түсті металдарды өндіру көлемі және тағы басқа тақырыптарға талдау жасалды.

Өнеркәсіптік саясаттың теориялық аспектілерін зерттей отыра өндірістің экономикалық және өндірістік процестің жалпы сипаты мен құрылымы қаралып, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптерінің тарихи аспектілері мен даму ерекшеліктері зерттелді. Жеңіл өнеркәсіп пен ауыр өнеркәсіп потенциалын талдап, өнеркәсіп саласындағы инновациялық процестердің дамуына статистикалық зерттеу жасалып, еліміздегі өнеркәсіп саласының бәсеке қабілеттілігін жоғарылату механизмін зерттеуге бағытталған ақпараттарды талдап, саралап, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Статистика органдары мен индустрия комитетінің мәліметтері негізге алынды.

Сарапшылармен сұхбат. Жоба аясында негізгі стейкхолдер сарапшылардан 12 сұхбат алынды. Мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың дамуы бойынша және қуаттарын арттыруға бағытталған механизмдер қарастырылды.

Салыстырма әдіс. Магистрлік жобаны дайындау барысында еліміздегі экономика, өнеркәсіп саласы бойынша еңбек өнімділігінің сапасы әр жыл бойынша салыстырылды. Өнеркәсіптік саясаттың эволюциясы да салыстырмалық кесте бойынша көрсетілді. Табыс деңгейі орташадан жоғары елдерден табыс деңгейі жоғары елдер тобына өткен елдердегі өнеркәсіптік саясат нысандары мен құралдары, өңірлік бөлініс барысында өңдеуші өнеркәсіпті дамытудағы еліміздегі қалалар үлесі салыстырылды. Қазақстанда түсті металдарды өндіру көлемі де жылдар бойынша жіктеліп, 2020 және 2021 жылдар аралығындағы өңдеуші өнеркәсіп салаларының салалық құрылымы мен жиынына %-бен есептеліп, салыстырылды.

1 Нарық жағдайындағы өнеркәсіптің теориялық негіздері және экономикадағы өнеркәсіп саласының алатын орны мен маңыздылығы

1.1 Стратегиялық қуаттарды арттыруға бағытталған мемлекеттік өнеркәсіп саясат түсінігі және оның экономикасындағы рөлі

Адамның қажетін қанағаттандыратын заттарды екі топқа бөлуге болады: табиғи заттар, яғни жер, өзен, көл, орман және тағылар, сондай-ақ экономикалық игіліктер, саналы өндірістік қызмет нәтижелері. Өндірістің дамуы негізгі үш фактордың әрекеттесуі арқылы жүзеге асады: адамның еңбегі, еңбекке қажетті заттар және еңбек құралдары. Оларды еңбектің қарапайым қағидалары деп атаса болады.

Ал, жалпы өндірісті екіге бөліп қарастыруға болады, алғашқысы адам мен табиғаттың ара-қатынасы; тағы біреуі адамның еңбек процесіндегі өзара әрекеттерінің көрінісі. Өзара байланыстың алғашқы түрін өндіргіш күштер деп атауға болады, екіншісі экономикалық қатынастарға жатады. Өндіргіш күштер дегеніміз қоғамдағы өндірістің өзара әрекет жағдайындағы жеке (жұмыс күші) және заттай (өндіріс құралдары) факторлар. ҒТР өндіріс факторларын дамытады, сондай-ақ, өндіріс құралдары информатика, электронды есептеуіш және компьютерлік-техника арқылы байытылады.

Экономикалық қатынастар - материалдық әрі рухани пайдалы қызметтерді тұтынуда, орналастыруда, айырбастауда өндіріс барысында пайда болатын адамдар арасындағы қатынас. Өндіріс құралдарында меншіктік формасымен анықталатын істерді экономикалық қатынастардың сипаты деп санаймыз

Экономика ұғымы құрылымы бойынша қоғам өмірінде ерекше сфера болғандықтан, әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Өндіріс саласы - тек қана технологиямен байланыстырылып отыр. Себебі, оның қалыптасуына әрі дамуына әлеуметтік байланыстар міндетті болып саналмайды. Өнеркәсіп – ұлттық экономикадағы шикізатты, отын, энергия өндіруді, ағаш өнімдерін дайындауды, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық шикізатын өндіріс құрал-жабдығы мен тұтыну заттарын өңдеуді (қайта өңдеуді) көздейтін кәсіпорындарды (зауыттар, фабрикалар, кеніштер, шахталар, электр стансалары, т.б.) біріктіретін аса маңызды сала болып табылады. Ол екі үлкен топқа бөлінеді:

1) Өндіруші өнеркәсіп – мұнай, газ, шымтезек, тақтатас, тұз, көмір, қара және түсті металл кентастарын, металлургияға арналған кентасқа жатпайтын құрылыс материалдарын дайындау, ағаш дайындау және энергетикалық шикізат алу, т.б.;

2) Өңдеуші өнеркәсіп – қара және түсті металдар, химиялық өнімдер, цемент және құрылыс материалдарын, қақтама, машиналар мен жабдықтар, ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіп және тамақ өнеркәсібі өнімдерін өндіру, өнеркәсіп бұйымдарын жөндеу және тағы басқалардан құралады. Сонымен қатар, оның өзі өндіріс құрал-жабдығын өндіретін өнеркәсіп (“А” тобы) және тұтыну

заттарын өндіретін өнеркәсіп (“Б” тобы) болып екіге бөлінеді. Өнімнің “А” тобына жататын құралдар, олар: жабдықтар, қара және түсті металл кентастары, станоктар, өнеркәсіптік тракторлар, минералдық тыңайтқыштар және тағы басқалар. Ал екінші “Б” тобына: тігулі киім, тоқыма бұйымдары, тағамдық балық өнімдері, жиһаз, нан, нан-тоқаш өнімдері, тоңазытқыш, телевидадар сынды өнімлер жатады. Ал, көмір, кездеме, ұн, электр энергиясы, ет және өндірістік мақсатта пайдаланылатын басқа да өнімдер олардың нақты пайдалануына және шығарылуына қарай екі топтың арасында бөлініске түсіп тұрады.


Өнеркәсіп дегеніміз экономика әлеміндегі шикізатты, отынды, энергияны өндіруді, ағаш өнімдерін дайындауды, ауыл шаруашылығына қажетті шикізатты, өндірістік құрал-жабдықтар мен тұтыну заттарын өңдеуді қарастыратын кәсіпорындарды, мысалы: зауыт, фабрика, кеніш, шахта, электр стансасы сынды жерлерді біріктіретін маңызды салалардың бірі болып саналады. Өнеркәсіпті екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Өндіруші өнеркәсіп – тұз, көмір, мұнай, газ, шымтезек, тақтатаас, қара және түсті металл кентастарын, ағаш дайындау, энергетикалық шикізат алу, металлургияға арналған кентасқа жатпайтын құрылыс материалдарын дайындау т.б.;

2. Өңдеуші өнеркәсіп – химиялық өнімдер, қара және түсті металдар, цемент, құрылыс материалдары, қақтама, машиналар мен жабдықтар, өнеркәсіп бұйымдарын жөндеу және ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіп және тамақ өнеркәсібі өнімдерін өндіру тағы басқалардан құралады. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өнеркәсіптер “А” тобы және тұтыну заттарын өндіретін өнеркәсіп “Б” тобы болып екі түрге бөлінеді. Өнімнің “А” тобына жататын арнайы құралдар бар: жабдықтар, станоктар, өнеркәсіптік тракторлар, қара және түсті металл кентастары, минералдық тыңайтқыштар. Ал екінші “Б” тобына: тігулі киім, тағамдық балық өнімдері, жиһаз, тоқыма бұйымдары, нан, нан-тоқаш өнімдері, тоңазытқыш, телевидадар сынды өнімдер кіреді. Өнеркәсіп – еліміздегі шаруашылықтың ең басты бөлшегі болып саналады. Экономикамыздағы барлық алға жылжу мен даму осыған байланысты жылжиды. Оның алға жылжуына еліміздегі жаңа қалалар мен жолдар салынуы да түрткі болады. Өнеркәсіп негізінен ауыл шаруашылығына да, құрылысқа да, қызмет көрсету саласындағы даму деңгейіне де көп әсерін тигізеді. Оның дамуының қоршаған ортаға да тигізер әсері мол.

Кәсіпорындардың көбісі бірдей өнім шығарады, мысалы, бір кәсіпорын тек тракторлар немесе тек экскаваторлар шығуы мүмкін, тек аралас емес. Өндірісті ұйымдастырудың осы бір түрін мамандандыру деп атайды. Мамандандырылған кәсіпорандарда еңбек ресурсы жоғары дамыған, еңбек өнімділігі тиімді, өнімнің өзіндік құны төмен болып келеді. Алайда, ондай кәсіпорынның шикізат, тетік, машина бөлшектерін жеткізуші өндірістерсіз жұмы жүргізуі мүмкін емес. Дайын өнімді дайындауға бірнеше кәсіпорындардың қатысуын «кооперация»

(ынтымақтастық) деп атайды. Ол да еңбек өнімділігін арттырады. Өндіруші кәсіпорындар бағасының өзгеруін төмендегі 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1 – Өндіруші кәсіпорындар бағасының өзгеруі, өсуі және төмендеуі [62].

Кәсіпорынның бөлігін комбинаттар құрайды. Яғни оларда түрлі өндіріс түрлері болады.

Ағымдағы жылмен салыстырғанда сәуірде наурызбен қатар қойғанда өнеркәсіптерге өндіруші кәсіпорындардың бағасы 4,9%-ға жоғарылады (төмендегі кестеде көрсетілген)

Кесте 1. 2021 жылғы сәуір мен наурыз айларындағы өнеркәсіптік өнімдерді өндіруші кәсіпорындардың пайызбен, өсуі және төмендеуі [63].

	2021 жыл, сәуір				2021 қаңтар-сәуір 2020 қаңтар-сәуір
	2021 наурыз	2020 желтоқсан	2020 сәуір	2015 желтоқсан	
Өнеркәсіптің барлығы	4,9	20,8	32,3	79,1	11,1
Тау-кен өндіру өнеркәсібі, карьерлерді қазу	5,3	31,4	46,4	88,3	7,9
Өңдеу өнеркәсібі	4,6	9,2	18,2	74,9	13,8
Электр энергиясы, газбен, бу, ыстық су және ауа кондициялаумен жабдықтау	3,6	4,1	10,4	25,2	7,2
Сумен жабдықтау; қалдықтар жинау, өңдеу және жою, ластану жою бойынша қызмет	0,2	0,5	1,7	21,4	1,3

2021 жылдың сәуірінде өндіруші кәсіпорындардың бағасы бойынша тау-кен өндіруде, мұнай - 6,5%, табиғи газ - 1,1%, металл кендері - 0,4%-ға жоғарылаған. Сондай-ақ, алюминий - 8,7%, ферроқорытпалар - 6,1%, мыс - 7,5%, мырыш 5,9%-ға жоғарылады, қорғасын - 3,9%, асыл металдар 1,3% -ға керісінше төмендеген. Мұнай өнімдері бойынша мазут - 9,9%, сұйытылған пропан және бутан - 3%-ға, бензин 2,8%-ға қымбаттаған.

Азық-түлік өнімдері бойынша кәсіпорындарда баға өзгерген. Өсімдік майы - 8,6%, жармалар - 2,6%, қант - 2,4%, макарон өнімдері - 1,2%, құс еті - 3,5%, мал еті - 3,1%, бидай ұны - 0,8%, күріш - 0,5%, сүт өнімдері 0,3% жоғарылады, кара бидай ұны - 7,1%, шай - 0,2% төмендеді.

Электр энергиясы, сумен жабдықтау энергиясы және оны тарату бойынша барлығы 7,1%-ға жоғарылаған, ал суды бөлу қызметтері - 0,9%-ға төмендеді.

Өндірістік процесстер өнімнің тағайындалуына байланысты үшке бөлінеді: негізгі, көмекші және қызмет ету процесі. Негізгіге - еңбек заттарының формасы және көлемі, сыртқы пішіні және ішкі құрылымы, сонымен қатар, құраушы бөліктердің өзара орналасу жүйесі жатады. Ал, негізгі процесстерді үлкен өндіріс орындарында 3 кезеңге бөліп қарастырамыз: дайындамалық кезең - дайын өнім құралады; өңделетін - дайындалған өнімге айналады; құрастырушы - дайындалған өнім мен сатып алынатын дайын өнімнің жалпы құрастырылуы жасалады.

Өнімдерді дайындап шығарудың технологиялық әдісіне табиғи процесстер де жатады. Ол қатарға еңбек заттарына әсерін тигізетін табиғаттың физикалық және химиялық күштерін жатқыза аламыз. Осы процесстер негізінде ұзақ уақытты талап етеді, сондықтан оларды жасанды процесстермен алмастырады. Көмекші және қосымша процесстер негізгі процесстердің жұмыс жасауын қамтамасыз етіп отырады.

Өндірістік құрылымға бірнеше факторлар әсер етеді. Олар: дайындалған өнімнің сипаты, оның дайындалу технологиясы және еңбек сыйымдылығы, дайындалған өнімнің масштабы, оның тұрақтылық деңгейі, кәсіпорынның мамандану деңгейі мен басқа кәсіпорындармен кооперациялану деңгейі. Өндірістік құрылымның жетілдіру бағыты бойынша оның мамандануы, яғни маманданған өндіріс көлемінің артуы, дайындалған өнімнің бөлшектері мен тізбектерінің сәйкестенуі, өндірістің орналасуы мен маманданған кәсіпорынның көптеп кооперациялануына әкеп соқтырады. Ал, өндіріс типтері жұмыс орынның мамандануымен, жұмыс көлемімен, сондай-ақ, өнімді шығару номенклатурасының тұрақтылық деңгейімен анықталады.

Өндіріс типі кәсіпорын мен цехтардың өндірістік құрылымына және жұмыс орындарының жүктелу сипатына, сонымен қатар өндіріс процесіндегі еңбек заттарының қозғалысына байланысты болады. Өндірістің әрбір типіне өндірісті ұйымдастырудың өз ерекшеліктері, еңбек пен материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыру ерекшеліктері, жабдық құрамы мен кадрлар біліктілігі тән. Ол бірліктік, сериялық және массалық деп үшке бөлінеді.

Жұмыс орнындағы өндіріс типі жұмыс орнының мамандану деңгейімен, яғни оның жүктелу сипатымен анықталады.

Жұмыс орнындағы массалық өндіріс жұмыс орнының шағын мамандануын сипаттайды. Өндірістік-өнеркәсіптік процесті ұтымды ұйымдастырудың негізгі принциптері төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Өндірістік процесті ұтымды ұйымдастырудың негізгі принципі[19].

Өндірістік цикл және оның экономикалық мәні мен қысқарту жолдарына, экономикалық функциясына толығырақ тоқталар болсақ. Уақытқа салар болсақ өндірістік процестің құрылудағы маңызды міндеттерінің бірі – өндірістік циклдердің минималды ұзақтығына жету болып табылады. Өндірістік цикл деп – өндірістік процестің басынан бастап аяқталғанға дейінгі уақыт арасын айтады. Өндірістік циклдің ұзақтығын есептеудің өз ережелері бар. Жалпы цех жұмыстарының өндірістік бағдарламаларын өңдеу, жұмыс орындары мен жабдықты жүктеу барысында, өндірістің күнтізбелік қозғалысын өңдеуде, аяқталмаған өндіріс көлемін дұрыстауда, керекті айналым құралдарының көлемін есептеуде пайдаланылады. Жалпы өндірістің цикл құрамына: жұмыс уақыты - технологиялық операцияларды және табиғи процестерді дайындау жұмыстары, бақылау әрі транспорттық операцияларды орындау, сондай-ақ, үзілістер уақыты жатады.

Үзіліс аралықтары цикл ұзақтығын есептеуде операция аралық әрі смена аралық болып екіге бөлініп қарастырылады. Өндірісті тиімді әрі ұтымды жүргізу үшін өндірістік процессті тиімді құру қажет, яғни өндіріс ерекшеліктеріне орай кәсіпорынның тиімді құрылымын анықтау тиіс. Кәсіпорынның өндірістік құрылымы деп оның бөлімшелерінің, цехтардың және қызметінің өнім шығару процесіндегі өзара байланыс формаларын құраушы құрамын айтамыз.

Өндірістік құрылым кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасындағы еңбек бөлінісін, сондай-ақ оның кооперациясын сипаттайды. Ірі кәсіпорындарда негізгі құрылымдық бірлік болып цех саналады. Ал орташа кәсіпорындарда “цехтік емес” құрылым қолданады. Мұнда негізгі құрылымдық бірлік болып өндірістік бөлімше есептеледі [2].

Өндірістік құрылымға бірнеше факторлар әсер етеді. Олар: дайындалған өнімнің сипаты, оның дайындалу технологиясы және еңбек сыйымдылығы, дайындалған өнімнің масштабы, оның тұрақтылық деңгейі, кәсіпорынның мамандану деңгейі мен басқа кәсіпорындармен кооперациялану деңгейі. Өндірістік құрылымның жетілдіру бағыты бойынша оның мамандануы, яғни маманданған өндіріс көлемінің артуы, дайындалған өнімнің бөлшектері мен тізбектерінің сәйкестенуі, өндірістің орналасуы мен маманданған кәсіпорынның көптеп кооперациялануына әкеп соқтырады. Ал, өндіріс типтері жұмыс орынның мамандануымен, жұмыс көлемімен, сондай-ақ, өнімді шығару номенклатурасының тұрақтылық деңгейімен анықталады.

Өндіріс типі кәсіпорын мен цехтардың өндірістік құрылымына және жұмыс орындарының жүктелу сипатына, сонымен қатар өндіріс процесіндегі еңбек заттарының қозғалысына байланысты болады. Өндірістің әрбір типіне өндірісті ұйымдастырудың өз ерекшеліктері, еңбек пен материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыру ерекшеліктері, жабдық құрамы мен кадрлар біліктілігі тән. Ол бірліктік, сериялық және массалық деп үшке бөлінеді.

Жұмыс орнындағы өндіріс типі жұмыс орнының мамандану деңгейімен, яғни оның жүктелу сипатымен анықталады. Жұмыс орнының мамандану деңгейі өнделетін бірдей еңбек заттарының саны мен еңбек сыйымдылығы жоғары болған сайын жоғары деңгейде болады.

Жұмыс орнындағы массалық өндіріс жұмыс орнының шағын мамандануын сипаттайды.

Сериялық тип – белгілі бір уақыт кесіндісі бойынша қайталанып отыратын шектелген операциялар санының орындалуымен сипатталады. Сериялық тип өз ішінде майда және орта сериялы, сондай-ақ ірі сериялы болып үшке бөлінеді.

Бірліктік тип өндірісі бірліктік мөлшерде дайындалатын, еңбек заттарына орындалатын әртүрлі операциялармен сипатталады. Олар сирек қайталанатын немесе тіпті қайталанбайды десе болады.

Массалық өндіріс кәсіпорындары біртүрлі өнімді үлкен мөлшерде үздіксіз дайындайды. [3, 15].

Сериялық өндіріс кәсіпорны өнімнің шектелген номенклатурасын және мерзім сайын қайталанатын. Өндіріс типі жұмыс орынның мамандану деңгейімен немесе сериялық коэффициентпен анықтайды:

$K_c = M$ мұндағы: K_c - сериялық коэффициент;

p - жұмыс орынның саны;

$ч$ - әрбір өнімді дайындау барысындағы орындалатын операцияның орташа саны;

n - өнделетін бұйымның саны. Егер сериялық коэффициент 5-тен жоғары болмаса, өндіріс - ірі сериялық, ал сериялық коэффициент 5-20 дейін аралықта болса, онда өндіріс орта сериялы, 20-40 дейін аралықта болса - майда болып есептеледі.

1.2 Қазақстандағы өнеркәсіп саясатының механизмдері, даму ерекшеліктері, тарихи аспектілері

Бүгінгі "айдаһарлар" мен "жолбарыстар" деп баға берген елдердің серпінді даму процесіндегі ең басты ерекшеліктері субъективтік факторлардың рөлінің жоғары болуында. Қазақстан басқа елдер сияқты "дамудың табиғи-тарихи типіне" қайта айналу бағытын ұстанып отырғаны бізге мәлім. Бұл бағытта экономиканы тездетіп көтерудің әлемге әйгілі тиімді әдісін қолдану басты мақсат болып көзделіп отыр [4]. Ол мемлекеттің экономикалық рөлі мен жеке кәсіпкерліктің өзара тығыз әрекетіне негізделеді. Осы мақсатты түбегейлі қолдануды талап ететін программалық-мақсаттық жобалау әдісі мемлекеттің пәрменді саясатын жеке бастамамен органикалық үйлестіруге мүмкіндік береді.

Нарықтық экономикаға өтудің алғашқы жылдарында "жоспар мен нарық бір арнаға сыймайды" дейтін ұрандар айтылды, ол ой қазір де ұмытылған жоқ. Осы ұранның орнына "дамыған әлеуметтік бағыттағы нарық - қоғамдағы тәртіпке бағынбай бетімен кетушілермен сыйыспайды" деп пікір айтушылармен келісуге болатындай.

Мемлекеттік реттеудің басты құралы индикативтік жоспарлау болып табылады. Жоспарлаудың бұл жүйесі ұзақ мерзімді, орта мерзімді және ағымдағы жоспарлардан тұрады. Бүгінде жапондықтар Ф.Рузвельттің "Жаңа курс" реформасын өзіндік ерекшелігі бар реформа деп көреді. 30-шы жылдардың басында үлкен дағдарыстан өткен Жапония елі әлеуметтік тәжірибені пайдаланып өндірістік технологияны тездетіп игерудің негізін қалайды. Осылайша американдық Рузвельттің "Жаңа курс" реформасы жапондық тәжірибені қолдану арқылы Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне әсерін тигізіп, одан әрі жаңа индустриялылыққа ұмытлған басқа елдер мен аймақтарға жалғасып таралуда.

Экономикасы дамып кеткен елдерге қарасақ олардың көздегені өндірістің сандық өсімі емес, тиімділікті арттыруда, ең бірінші өндірістің көп мөлшерде пайда табуын көздейді. Бұдан біз “мемлекеттің экономикаға араласуы нарық үшін қолайлы жағдайлар жасаумен шектелуі тиіс” деген концепциясына сай келеді. Классиктердің теориялық қағидаларына қарасақ АҚШ-та "рейганомика", Ұлыбританияда "тэтчеризм" дейтін терминдермен мемлекеттік саясатта өзіндік практикалық шешім көрсеткені белгілі. Бұл саясаттың мағынасы: нарықтық тетіктерге жүгіну, капитал және жұмыс күшінің саларалық алмасуы көбірек болады, экономиканы құрылым бойынша жарасымды бағытта өзгертеді, қоғамдық өндірісті интенсификациялау басты назарда болады [5, 63].

Экономиканы құрылым бойынша дұрыс бағытқа өзгерту жаңа инвестицияны, үлкен саясатты талап етеді. Үлкен қаржылардың сапалық өзгерістерінде инвестицияның әрдайым өндірістік салалық және технологиялық құрылымдарына басты назар аударады.

Өндірістің құрылымын дамыту және жарасымды болдыру ғылымды көп қажет ететін салаларды жедел түрде дамыту арқылы жүзеге асады. Инвестицияның технологиялық жағындағы өзгерістерге, яғни машиналарға қажетті жабдықтарға жұмсалатын инвестицияның үлесін арттыру арқылы мақсатқа жете аласың. 70-80 жылдары жақсы қарқынмен дамыған елдерде микроэкономикалық дәрежедегі ішкі салалық құрылымдық өзгерістер бойынша ең алдымен өңдеуші өнеркәсіптегі құрылымға ерекше мән берілді. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда мемлекеттің экономикалық саясаты, нақты айтқанда инвестициялық саясаты қолайлы болуы тиіс. Инвестициялық саясат күрделі қаржыны қосу арқылы өндіріс көлемін үлкейтуге бағытталады. Шетел капиталын ұлттық экономикаға тартудың басты жолы әр елде жасалған озық технологияларды пайдаланып отандық өндірістер қуатын тиімді жаңарту болып табылады. Шетел инвестициясын тарту, оларды тиімді пайдаланудың жолдарын анықтау, қосымша жолдарын ашу бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі. Қазіргі таңда инвестициялық белсенділік қандайда бір елдің дамуындағы көтерілу немесе құлдырауының индикаторына айналды.

Ел Президентінің отандық өндірісті қолдау туралы үндеуіне байланысты бүгінгі таңда Қазақстан өнеркәсібінің жаңа бір саясатын талдау және оны іске асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Саясаттың негізгі мақсаты отандық

өндірушілерге ішкі-сыртқы нарықта бәсекелестікке қабілетті өнімдердің өнуіне экономикалық қолайлы жағдай жасау маңызды [7].

Өнеркәсіптік жаңа саясат идеологиялық және жобалық екі бағытты өзіне қамтиды.

Идеологиялық бағыттың басты мақсаты - экономикалық белсенділерге жататын кәсіпкерлердің, мемлекеттік қызметкерлердің, нақты экономикаға тікелей және жанама түрде әсер ететіндердің негізгі бөлігін Қазақстан экономикасын өркендету идеясы айналасына біріктіру болмақ.

Ал, жобалық бағыт - өндірісті дамыту, оны ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілетті орындарға шығарудағы жекелеген мақсаттарға жету үшін мемлекет пен жеке кәсіпкерлік топтардың бірлескен іс-қимылының мақсаттарын, міндеттерін, амал құралдарын келісу болып табылады. Бұл жеке іс-қимылдар елімізді дағдарыстан шығаратын жалпылық стратегияның шеңберінде жүзеге асырылып, мемлекет жауапкершілігіне берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасында жаңа өнеркәсіп саясатын жүзеге асыруда мемлекет пен кәсіпкерлер арасында қандай міндеттер барына тоқталайық.

Мемлекет мыналарға жауап беруге тиіс:

- Кәсіпорындардағы сыртқы ортаға қолайлы жағдай жасау;
- қоғамдық-саяси жайлы жағдай қалыптастыру;
- реформаны реттеп жүргізуде кешенді әдіс қолдануды қанағаттандыру;
- саяси және қаржылық сипаттағы өз міндеттерін дұрыс орындау;
- төлемеушілік проблемаларын шешуде принципіалдық таңдау жасау;
- жеке кәсіпорындар өздері капитал қорын жинауды ынталандыру;
- ақпарат алмасуды, жалпы шешімдер қалыптастыруды қолдау;
- бірлескен іс-қимыл үшін құқықтық база құру;
- бәсекеге қабілетті органы сақтау;
- "көлеңкелі" нарыққа қысым көрсету.

Бір жағынан кәсіпкерлер (немесе топтар, бірлестіктер) өз кезегінде инвестициялық, өндірістік, қаржылық сипаттағы міндеттерін толық орындауға тиіс [8, 12].

Жергілікті өкіметтік органдар өз ресурстарын пайдаланып өнеркәсіп саясатын жүзеге асырудың аумақтық бағдарламаларын жасауына, оны жалпы республикалық программаның құрамына енгізуіне де құқығы бар.

Жаңа өнеркәсіп саясатын дамыту программасының негізгі мақсаты елдегі экономикалық белсенділікті жандандыру, кәсіпорындардың ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Бұл мақсатты орындауда кездесіп отырған негізгі мәселе - саясаттың объектісін (салалар, секторлар, кәсіпорындар) және әрбір нақты объект үшін пайдаланатын құралдарды дұрыс таңдау болып отыр.

Өнеркәсіп саясатын жүзеге асыру үшін мемлекетте қолданып жүрген амал-әрекеттердің жетіспейтіндігін байқаймыз. Мысалы, мыналарды қосымша келтіруге болады: салықтық несиелер; белгілі кезеңде салық салудың жекелеген ставкалары; бағдарламалар шеңберінде бөлінетін несиелерді мемлекеттен сақтау; экспортқа жәрдем ақша бөлу; кәсіпорындар операциялары бойынша

мемлекеттік кепілдеме; инвестицияларды ынталандыру үшін есеп беру саясатын, соның ішінде технологиялық құрал-жабдықтарға белгіленген импорттық баждарды азайтып, резервтік қорлар ашу, оларға жіберетін пайдаға жеңілдік жасау сынды көптеген өзгерістер жасау керек.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда нені күту керек? Ең алдымен қызметтік тәжірибесі және капиталы бар, өндірісті үлкейтуге, пайда табуға тиісті кәсіпкерлер өкіметтен ұсынып отырған демеуді пайдалана отырып 3-суреттегідей міндеттерді өздеріне алуға тиісті:



Сурет 3 – Кәсіпкерлердің өздеріне алуы тиіс негізгі міндеттері [21].

Өнеркәсіптегі өнімнің дамуы оны жаңа сападағы жоғары деңгейге көтерудегі шаруашылық механизмдерін дамытуға тікелей байланысты. Өнеркәсіпті алға жылжытудағы және дамытудағы мемлекеттік саясаттың негізгі элементтері "Қазақстан-2030" стратегиясымен байланысты болады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезең-кезеңмен жүзеге асатын іс-қимыл жоспары шеңберінде экономиканы реформалаудың негізгі механизмдерімен де тығыз байланыстырылады. Мәселен, Үкіметтің 1998-2000 жылдардағы алға қойған мақсатында экономиканың нақты секторын сауықтыру [9], өндірісті қалпына келтіру қарқынын жеделдету мәселесі елеулі орын алады. Онда отандық кәсіпорындарға қолдау білдіру мақсатында мынадай шаралар жүргізу механизмдерін әзірлеу көзделген:

- экономиканың өнеркәсіптік қайта құрылымдауға көмектесетін жоғары технологиялық инвестиция тауарларын әкелуді бақылау;
- ішкі нарықта отандық тауар өндірушілерге тен бәсекелестік жағдайларын жасау;
- экспорттық-импорттық операцияларға салық салу жүйесін енгізу. Мақсатты ұлттық заңдарды халықаралық нормалармен және ережелермен жақындастыру;
- Сыртқы сауданы ретке келтірудің тарифтік және тарифтік емес шараларын жетілдіру;

• Қазақстан нарығына отандық тауар өндірушілерге залал келтіретін импорттың енуін болдырмауға жағдай жасау, антидемпингтік, өтемақылық және қорғау рәсімдерін жетілдіру.

Үкіметтен импортты реттеудің нәтижесі - өнеркәсіптің тауарлық құрылымын оңтайландыру болуға тиіс. Ол өнеркәсіпті қайта құруды ынталандырады. Бұл ел экономикасының халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кіруіне көмектеседі, сыртқы тосын жағдайдан қорғауды қамтамасыз етеді.

Қаншама жыл қазақ халқының негізгі ақша табу көзі - мал шаруашылығы болды. Қазақ елінің қалыптасқан кезінен бастап ХІХ ғасырға дейін еліміздегі өнеркәсіптің басты белгісі әрі формасы - үй шаруасы және қолөнер болды. Көптеген ауылдар шаруашылық, әлеуметтік жағдай тұрғысынан өте төмен деңгейде, нашар жүйеде өмір сүрді. Қаншама жыл сол дамымаған күйі өмір сүріп келді.

Мал шаруашылығымен айналысқандықтан малдан шығатын шикізат та өте көп болды, сол арқылы осы кәсіпшілікті меңгеріп жүн, тері өңдеуді үйренді. Қазақтар осы өнімдерден өздеріне керекті әр түрлі тұрмысқа қажетті заттарын дайындап шығарып отырды. Үйде қолданатын осындай өнеркәсіптері мен техникасы қазақтарда қаншама ғасыр бойы еш өзгеріссіз қала берді. Үй шаруасында жасалатын ең кең тараған өнімдер: киіз басу, алаша тоқу, киімдер тігу, былғары жасау, кілем тоқу, қой терісін өңдеу, киім-кешек тігу, аяқ-киім жасау, ат құрал саймандарын жасау, ер тоқым, теріден ыдыс аяқтар, ер тоқым және теріден ыдыс аяқтар жасау жатады [11].

Ал, ағаш өңдеу кәсібі бойынша, қазақ үй бұйымдарын жасауда: кереге, уық, шанырақ жасау кең етек алды, кейбір жерлерде мыс балқыту, темірден орақ жасау, пышақ секілді тұрмыстық заттарды жасап шығарып отырды. Қазақ елінің шаруашылығында әр түрлі кәсіп дамыған, мысалы: балық, аң аулау, арбакештік деген секілді. Алайда қолөнермен көбінесе қазақ кедейлері айналысатын болған.

ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап өнеркәсіптер көптеп пайда бола бастады. Ресейлік капитализм өркендеп дамуына байланысты тауар мен ақша қатынастары арқылы Қазақстан да қарқынды түрде капитализмге тартыла бастады. Натуралды яғни әр түрлі шаруашылықтар жылдам ыдырау сатысына өтті.

Ресей елі империализм сатысына өту арқылы Қазақстандағы өнеркәсіптің өркендеп дамуын тездетті және өнеркәсіптік кәсіпорындардың саны күннен-күнге өсе бастады. Бірақ бұл кәсіпорындар Ресейдің және басқада империалистік елдердің қажеттіліктері үшін жұмыс жасады, сондықтан Қазақстан әр түрлі шикізатты жеткізетін өнім өткізу нарығы секілді рөл атқарды.

Ал, елімізде тау-кен өнеркәсібінің дамуы баяу жүрді. Өте бай шикізат болғанына қарамастан дәл осы сала өте баяу дамыды. Екіншілік пен мал шаруашылығы да соңғы орындарға жайғасты.

Сол кездері кең тараған жүн жуу, тері илеу, май шыжғыру, сабын жасау мен желім қайнату сынды кәсіптер де болды. Бірақ бұлар ұсақ қолөнер кәсіпорындары еді, мұнда жұмысшылар саны аз, өндіріс саласы аз болуымен

қатар толықтай еңбек бөлінісі болмады. Техника жағынан да төмен деңгейде жабдықталу нәтижесінде бұл кәсіпорындар қолда бар шикізаттан тек 25-30%-дан артық өндей алмады.

[13]. Мәселен: былғары өндіруде механикалық қозғалтқыштарды қолдану байқала қоймады, ал Батыс Еуропа мен Ресей елдеріндегі ірі орталықтарда теріні қолмен илеу тәсілі машинамен ауыстырылып, теріні тазарту тек қана барабанды тәсілмен жүргізіліп, Берендорф машинасымен аяқ киімдер өңделді. Ал еліміздегі жаңа жетілдірілген тері илеу жабдықтарын әкелу үшін жасалған әрекеттер сәтсіз болды.

Ал, еліміздегі жүн жуу өндірісі ең оңай кәсіптердің бірі. Жергілікті аймақтардағы агенттіктер жүн сатып алып оны жалға алған бірнеше шақырымдағы кішігірім арықтарға жақын орналасқан жүн жуатын жерлерге өткізіп, онда жүнді тазартып, сорттап, жартысын өңдеп (30%-ы), қалғаны Ресейге жөнелтілген. Ал, кәсіпорындар құрылысқа тұрақты жұмыс жасайтын мамандарды пайдаланған. Әйелдер және жастар мамандықты қажет етпейтін, еңбек ақысы төмен қосымша жұмыстарда көп істеген. Мәселен: ересек жұмысшының орташа жалақысы 77 тиын болса, әйелдердікі 41 тиын, жастардыкі 28 тиын болған. Кәсіпорындардың көбісінде жұмыс күні 10-12 сағат көлемінде болған. [14].

Ресейде капитализмінің дами түсуі өнеркәсіптердің дамуына алып келді. Сондай-ақ, Қазақстанда кіші өнеркәсіп салаларының саны ұлғайды. 1900 жылғы дерек бойынша 2668 өнеркәсіп болса, 1913 жылы ол сан 6000-ға көбейген.

Өнеркәсіп өндірістерінің дамуы еліміздегі экономикаға, жергілікті халықтың сұранысына ешқандай әсер етпеді, себебі пайданың бәрі Ресей империясына кетіп отырды. Қазақстандағы өнеркәсіптер тек қана шикізаттарды жеткізуші ретінде жүрді, сол себепті өнеркәсіп өнімдері өндірілмеді және ірі өндіруші өнеркәсіптер болмады деуге негіз бар. Өндіріске қажетті барлық құрал-саймандар мен машиналар, күрек-ломдар сырттан тасымалданды. Күнделікті тұрмысқа қажетті қант, күкірт, керосин, металдар да сырттан тасымалданды.

Ресей патшалығы елімізде ауыр өнеркәсіптің дамуын қаламаған еді. Оған мысал да бар, мысалы, ең бірінші құрылған және шикізатқа өте бай тау-кен кәсіпорындары елімізде өте жай дамыған.

Қазақстандағы акционерлік қоғам “Спасск мыс-кен акционерлік қоғамы” кәсіпорынының тағдыры қаржы салушылардың қолында болды. Спасск компаниясына ағылшын мен француз капиталистер қызығушылық танытты. Спасск қоғамдастығының акциясын иеленушілер тек ағылшын-француздар емес, одан бөлек Америка, Австрия, Испания, Германия, Швеция және басқа да елдердің қолында болды. XX ғасырдың басында шетел капиталы арқылы барлық шаруаларды Орал-Ембі ауданының мұнай кен орнын өз қолдарына алу мақсатында барлық шараларын жасады. Банктер мен ірі акционерлік қоғамдардың саясаты Ембі ауданындағы мұнайлы жерді монополияландыру

болды. Көздеген басты мақсаттары да елдегі мұнайдың бағасын қалыпты жоғары бағада ұстап, оңай пайда табу еді.

Сол кездегі Қазақстанда құрылған үлкен тау кәсіпорындары елдің экономикалық дамуына үлкен септігін тигізді. Осы шикізаттардың арқасында Қазақстан Ресейдің басқа да аймақтарымен қарым-қатынаста болып, жергілікті фабрика-зауыттарын үлкейтті.

Елімізде нарықтық қатынастардың құрылуына орай бірлескен кәсіпорындар көптеп құрылды. Олардың басты мақсаты - тұтыну салықтарының әлемдік нарықтағы қабілетін арттыру және саланы тауармен қамтамасыз етіп, ел экономикасына техникалар мен жабдықтарды, материалдық және қаржылай қорларды, басқару тәжірибесін өндірістік-техникалық тұрғыда және ел қолданатын тауарлар шығаруға үлес қосады. Қазақстанда нарықтық жағдайлардың қалыптасуына байланысты бірлескен кәсіпорындар құрыла бастады. Олардың негізгі мақсаты - тұтыну салығын әлемдік нарықтарда бәсекелестік қабілетін арттыру және тауармен толтыру үшін экономикаға дамыған техникалар мен жабдықтарды, материалдық әрі қаржы қорларын, басқару тәжірибесін өндірістік-техникалық тұрғыдан және халық қолданатын тауарлар шығаруға айтарлықтай үлес қосады.

1995 жылы тарихқа қарар болсақ Қазақстан Республикасында әлемдегі 34 ел: Қытай, Түркия, Италия, Франция, АҚШ, Германия, Чехославакия, Ұлыбритания, Швейцарияның фирмаларымен қосқанда екі мыңдай жаңа бірлескен кәсіпорындар тіркеліпті. Ел экономикасындағы күрделі мәселелердің бірі - өз өнімдері арқылы тұтынушыларға шарт қоятын ірі кәсіпорындарға бірлестіктердің үстемдік жасауы еді. Сол себепті, бірлескен кәсіпорындарды құру белгілі бір деңгейде осы монополизммен күресудің құралы болып табылады. Ең алдымен шетелдің тәжірибесін қарай отыра бірлескен кәсіпорындар ішкі нарықты мемлекеттік кәсіпорындармен сәтті түрде бәсекелесе алады және шығарылатын өнім сапасына әсер етеді.

Ел аумағында шикізат өндірумен және оны өндеумен айналысатын арнайы бірлескен кәсіпорындар пайда болды, мәселен “Теңіз-Шеврон” бірлескен кәсіпорындары. Теңіз бен Корелевск кен орындарының бірлесіп игеру арқылы түскен валюта (қаржы) Қазақстанның үдемелі дамуын жүзеге асыру бойынша жұмыс жасайды.

Шетел инвестициялары мен инвесторларын тарту Қазақстанның алты облысында, нақты айтқанда: Шығыс Қазақстанда, Маңғыстауда, Жезқазғанда, Атырауда, Қарағандыда және Талдықорғанда еркін экономикалық аймақтар құру арқылы жүзеге асырылуда[23, 9]. Оларда орналасқан кәсіпорын қызметтері қалыпқа келтіріліп, шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін қолдану арқылы шетелдермен сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына жағдай жасалуы керек.

1.3 Өнеркәсіптік саясатты жүргізудің әлемдік тәжірибесі және оның құрылымдық даму ерекшеліктері

Измахановтың «Табыс деңгейі жоғары елдердегі өнеркәсіптік саясат модельдері мен құралдары атты мақаласында былай дейді: «Заманауи өнеркәсіптік саясат әралуан және күрделі бола түсуде. Өткен кезеңдердегі өнеркәсіптік саясаттармен салыстырғанда заманауи өнеркәсіптік саясат білім экономикасын, ғаламдық қосылған құн тізбектеріне интеграцияны, жаңа өнеркәсіптік революцияны, тұрақты дамуды және т.б. қамтиды. ЮНИДО Бас конференциясының XV сессиясында қабылданған Лимдық декларацияға сәйкес «кедейлікті жоюға экономика мен өнеркәсіптің қарқынды, жанжақты қамтитын, тұрақты және тұрақты өрлеуі және тұрақты даму шеңберіндегі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық міндеттердің бүкіл кешенін тиімді шешу арқылы ғана қол жеткізуге болады» [15] делінген. Осыған орай 2-кестеде (б. 47) әлемдегі өнеркәсіптік саясат тәсілдерінің эволюциялық сатылары қысқаша түрде берілген.

Кесте 2. Өнеркәсіптік саясаттың эволюциясы және жаңа бағыттары [2]

Өнеркәсіптік саясат	1970-жж.-ға дейінгі кезең	1980–1990 жж.	2000 жж.-дан 2020 жылға дейін	Жаңа тақырыптар
Басты факторлары/ бағыттары Білімдер экономикасы	Индустрияландыру және құрылымдық трансформация	Тұрақтандырылу, ырықтандырылу, еркін нарық	Қосылған құнның әлемдік тізбегі	Жаңа өнеркәсіптік революция Тұрақты даму
Саясаттың мақсаттары	Нарықтың қалыптасуы, әртараптың дамуы	Нарыққа бағытталған жаңғырту	Мамандандыру және өнімділікті өсіру	Заманауи өнеркәсіптік экологиялық даму
Басты элементтері	Импорт алмастыру Протекционизм Секторалдық даму Жеке секторларда бәсекелік қарымқатынастарды қалыптастыру	Мемлекет шектеулі түрде қатысуы Көлденең саясат шараларының көп болуы Тікелей шетелдік инвестициялар үшін қол жетімділіктің болуы	Ашық экономикасы бар елдердегі мақсатты стратегиялар Қолайлы бизнес-орта Цифрлық даму және ақпараттық коммуникациялық технологиялардың диффузиясы Ғаламдық өндірістік желілерге қатысу Стратегиялық салаларды қорғауды үйлестіре отырып	Техникалық мүмкіндіктерді дамыту Өндірістегі инновациялар Тұрақты даму тізбектеріне сәйкес секторларды дамыту Білімдердің/ техникалық дамудың мемлекеттік-жеке институттары

		Бәсекенің әсер етуі	тікелей шетелдік инвестицияларды жылжыту Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту Дағдыларды дамыту	Шетелдік технологияларды тарту Кәсіпкерлікті дамыту
--	--	---------------------	---	---

Өнеркәсіптік саясат нақты салаларға құралған тік саясатты, сонымен қатар, кейде бірнеше секторлардағы операциялық жағдайлар мен мүмкіндіктерді жақсартуға бағытталған көлденең саясатты да қамтиды. Өнеркәсіптік саясаттың алуан түрлі типтерін сапалы түрде сипаттау үшін әрі өнеркәсіптік саясаттың модельдерін нақты білу үшін былай бөліп көрсетуге болады: әлеуетті өсіру немесе қорғаушы (елге және контекстке байланысты); қуып жетуші даму; инновацияларға негізделген, заманауи нұсқада – жаңа өнеркәсіптік революцияға бағытталған. Жоғарыда аталған модельдер дискретті болып саналмайды. Әлеуетті арттыру стратегиясы бәсекеге қабілеттілікті арттырудың көлденең шараларын, ал қуыпжетуші даму модельдер инновацияларды дамыту және жаңа технологияларды енгізу элементтерін қамтиды, ал инновацияларға бағытталған модельдер жеке салалардың өндірісін кеңейту механизмдерінде қолданады

Әлеуетті өсіру саясаты, әдетте, өнеркәсіптік саясаттың айнымас ажырамас бөлігі ретінде инфрақұрылымды, жолдарды, порттарды, әуежайларды, энергетикалық және телекоммуникациялық инфрақұрылымдарды жақсартуға бағытталады. Қорғаныс шаралары ретінде тарифтік баждар және тарифтік емес кедергілер қолданады. Қуып жетушілер даму саясаты дағдыларын дамытуға, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға және байланыстарды ілгерілетуге, сондай-ақ, ішкі кәсіпкерлікті дамытуға септігін тигізетін құрал ретінде экспорт пен стратегиялық мемлекеттік сатып алуларға септігін тигізеді. «Инновацияларға негізделген саясат инновациялық мемлекеттік-жеке әріптестікті, ғылыми-зерттеу институттарын және жұмсақ инфрақұрылымның жалпы элементтерін қолдана отырып, өнеркәсіптік экожүйелердің күшеюін қарастырады. Әлемнің көптеген елдері тек бір өнеркәсіптік саясатпен тоқталып қалмаған. Бұл елдердің жаңа өнеркәсіптік революция үшін позиционерлеу мен алдыңғы қатарлы өндіріске бағытталған ұлттық өнеркәсіптік саясаты болуы мүмкін, сонымен қатар, олар өнеркәсіптің жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыру және нақты өндірістік секторларды ынталандыру үшін әлеуетті өсірудің өнеркәсіптік саясатын қолдауы мүмкін» деп пікір білдірген А.К. Измаханов [16].

Дүниежүзілік банктердің берген ақпараты бойынша, табыс деңгейі жоғары топтарға Атлас әдісімен есептелген жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табысы 12 055 АҚШ доллардан асып жығылатын 80-нен астам ел кіреді. Олардың қатарында Австралия, Франция, Италия, Жапония, Корей, Австрия, Германия, Канада, АҚШ және т.б. елдер кіреді екен. Аталған топтар бойынша тұрғындардың жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыстарының орташа

бағамы – 40 400 АҚШ долларын құрайды. Табыс деңгейі жоғары елдер үшін 1945 жылдан кейінгі өнеркәсіптік саясаттың негізгі үш фазасын бөліп көрсетеді. Бірінші фаза соғыстан кейінгі қайта қалпына келу кезеңін құрайды және 1970-жылдардың соңына дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында біршама елдер жаңа өндірістерді қаржыландыру және қолдау саласында (мысалға, Ұлыбританияда, Францияда, Жапония және Кореяда, олардың мақсаты болып АҚШ-ты қуып жету болды) немесе болат өнеркәсібі, кеме жасау және тоқыма өнеркәсібі сияқты секторларды реттеуді жеңілдету бойынша үлкен бастамалар жасалды, олар мықты шетелдік бәсекеге жәнк сұраныстың болмауына тап болды. Бұл кезеңде «ұлттық чемпиондарды» қолдайтын үкіметтің ықпалы өте көп болды және кәсіпорындардың меншік құқығына үлкен мән берілді. Өнеркәсіптік саясаттың екінші кезеңі 1980 жылдың басынан 2000 жылдың ортасына (дейінгі аралықты қамтиды). Өнеркәсіптік саясаттың интервенциялық нұсқасын жекешелендіріп, бәсекеге қабілеттілікке алмастырды. Мемлекеттік қолдау көбінесе «көлденең» негізде жүзеге асырылды, яғни барлық кәсіпорындарға қолданылды және мұнда ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді дайындауға, кәсіби дайындыққа және шетелдік бәсекелестік үшін жаңа жолдр ашуға баса назар аударылды. Соңғы он жылдықты үшінші кезең деп белгілеуге болады, оның аясында көлденең саясат инновацияларды дамыту, шағын және орта кәсіпорындардың өсуі жөніндегі күш-жігермен үйлеседі. Кейбір елдер 2008–2009 жылдары болған дағдарыстан кейін өнімге сұраныс төмендеген секторларды қолдау бойынша шаралар жасады. Төмендегі 3-кестеде дүние жүзімен салыстыған айырмашылықты көруге болады.

Кесте 3. Табыс деңгейі жоғары елдердегі өнеркәсіптік саясаттың модельдері мен құралдары

Өнеркәсіптік саясат моделі	Құралдары	Дүниежүзілік сауда ұйымының ережелеріне сәйкестігі
Әлеуетті өсіру, қорғаушы	Несиелерді ұсыну, білім беру гранттары, сұранысты ынталандыру, импортқа уақытша шектеулер қою	Ерекше субсидиялар және экспортты субсидиялар болған жағдайдағы әлеуетті мәселе
Қуып жетуші даму	Несиелерді ұсыну, бастапқы қаржыландыру және ҒЗТКЖ үшін салықтық жеңілдіктер, бірігу саясаты	Әртүрлі стимулдармен өзара байланыстағы ерекше субсидиялар болған жағдайдағы әлеуетті мәселе
Инновацияларға негізделген	Фундаменталды зерттеулер және оларды коммерциялық тұрғыдан қолдану үшін қаржылар, ҒЗТКЖ үшін	Инновацияларға қатысты ерекше субсидиялар болған жағдайдағы әлеуетті мәселе

	салықтық жеңілдіктер, мемлекеттік сатып алулар, жоғарғы білім беру	
Жаңа өнеркәсіптік революция	Құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар, қолдау шараларының пакеті, кадрларды оқыту	Өндірісті цифрландыруға жұмсалатын шығындарға қатысты ерекше субсидиялар болған жағдайдағы әлеуетті мәселе
Ескертпе – [20] көзі негізінде құрастырылған.		

Табыс деңгейі жоғары елдер бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші бойынша біртекті емес. Оларға өнеркәсіптік саясаттың төрт моделі тән: қорғаушы (басымдығы тарихи тұрғыдан), инновацияға негізделген және жаңа өнеркәсіптік революцияға бағытталған дамуды қолдайды, сондай-ақ олардың әрқайсысын сипаттайтын саясатты бірдей экономикада да кездестіруге болады (3-кесте).

Қазіргі кездегі инновациялық өнеркәсіптік саясат «инновациялар арқылы индустрияландыруға» жақын. Ол табысы жоғары елдердегі өсу инновациялармен қамтамасыз етілуі тиіс деген пікірге бағытталады, себебі олар ұзақ мерзімді перспективада бәсекеге қабілеттіліктің негізін құрайды. Саясаттың мәні инновациялық климатқа, инфрақұрылымға, кластерлерді қолдауға, оқытуға, зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыруға, сондай-ақ инновацияларға жоғары тәуекелді салымдар үшін несиелерді алғанда, инновацияларды қолдау туралы ерекше шаралармен үйлесе отырып, қаржылық делдалдық жағдайларын жақсартуға байланысты «жананама шараларды» қолдану болып табылады. Жаңа өнеркәсіптік революцияны қамтамасыз ету мақсатында әлемнің көптеген елдерінде ұлттық экономикалар мен өнеркәсіп салаларын цифрландырудың мемлекеттік бағдарламалары мен стратегиялары жүзеге асты. Табысы орташа деңгейден жоғары елдер белгілі бір тұзаққа түсуі мүмкін, олар осы елдердегі инновациялардың жеткіліксіздігіне орай экономикалық өсу қарқынының баяулауына тап болатын жағдаймен байланысты болады. Әлемдік экономикада инновацияларға жұмсалатын көп шығындар есебінен табыс деңгейі орташадан жоғары елдер тобынан табыс деңгейі жоғары елдер тобына өтуді көздеген елдер тобын (Оңтүстік Корея, Тайвань) ерекше бөліп көрсетуге болады. 1970 жылдан 2017 жылға дейінгі уақытта жан басына шаққандағы ЖҰТ Германия мен Франция сияқты табысы жоғары елдерде 12,0–12,1 есе, АҚШ-та – 10,9 есе, Швецияда – 11,7 есе, Австрияда – 22,0 есе, Австралияда – 15,7 есе, Жапонияда – 21,2 есе өсті. Бұл ретте Оңтүстік Кореяда жан басына шаққанда ЖҰӨ – 101,4 есе, Қытайда айтарлықтай нәтиже – 72,4 есе, Сингапурда – 56,8 есе және Гонконгта – 49,8 есеге өсті. Инновациялар Оңтүстік Корея мен Тайваньның қарқынды өнеркәсіптік дамуына және табысы орташадан табысы жоғары елдер тобына ауысуына мүмкіндік алды. Айта кету қажет, Қытай халқы табыс деңгейі орташа деңгейден жоғары елдер тобында

болғанмен, олар қазір өнеркәсіптік дамудың жоғары қарқынын көрсетуде. Табыс деңгейі орташадан жоғары елдерден табыс деңгейі жоғары елдер тобына өткен, оның ішінде Оңтүстік Корея және Тайваньмен қолданылатын өнеркәсіптік саясат құралдары 4-кестеде берілген. Сонымен қатар, егер Корея мен Тайвань орташа табыс тұзағынан шыға алса, Қытай экономикалық өсуде шектеулер жағдайында қалады. Қытайдың экономикалық өсу қарқынының тұрақты төмендеуі Қытай басшылығы үшін қиын проблема болып отыр. Егер 1979–2010 жылдары Қытайдың ЖІӨ жылына орта есеппен 10%-ға өссе, 2012 жылы бұл көрсеткіш 7,9%-ды, ал 2017 жылы 6,8%-ға дейін төмендеген екен. 2012 жылдан бері байқалып келген Қытай экономикасының өсуі баяулаған салдарынан құрылымдық факторлармен түсіндіріледі: жалақының өсуі, еңбекке қабілетті капиталдың салыстырмалы түрде қысқаруы және тағы басқалары. Әр нарықтағы өнідіріс орындарының толықтырылуы жеткілікті болды.

Кесте 4. Табыс деңгейі орташадан жоғары елдерден табыс деңгейі жоғары елдер тобына өткен елдердегі өнеркәсіптік саясат нысандары мен құралдары

Нысандары	Құралдары
Мемлекеттік-жеке ғылыми-зерттеушілік консорциум	ҒЗТКЖ мемлекеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету
Шетелдік ғылыми-зерттеушілік мекемелермен ынтымақтастық	Үкімет тарапынан қаржыландыруды ұйымдастыру
Тікелей шетелдік инвесторлардан білімдер алу жолымен отандық фирмалардың дамуына септігін тигізу	Шетелдік инвесторлардан акциялардың максималды пакеті бойынша шектеу, импортталатын тауарларға жоғары тарифтер орын алуы мүмкін
Тікелей жобалау аясында ғылыми кәсіпорындардың дамуына септігін тигізу	Ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыру
Шетелдік технологияларды және брендтерді сатып алу	Бірігу және қосылу бойынша мәселелердің мемлекетпен несиелендірілуі
Ескертпе – [21] көзі негізінде құрастырылған	

Табыс деңгейі жоғары және табыс деңгейі орташадан жоғары елдердің өнеркәсіптік саясатын дамыту мен іске асырудың әлемдік тәжірибесін зерттей отырып, біздің еліміз үшін отандық өнеркәсіптің негізін құрайтын экономика секторларына қатысты әлеуетті дамытудың өнеркәсіптік саясатының шараларын, қуып жетуші дамуға қатысты – жоғары технологиялы салалар мен жоғары деңгейдегі орташа технологиялық салаларды, сонымен бірге, өнеркәсіпті цифрлық трансформациялауға бағытталған инновацияларға бағытталған өнеркәсіптік саясаттың шараларын да қолдануға болады деп қорытынды жасауға болады.

2018 жылы бірінші Президент Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында «Бүгінгі таңда әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық,

экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең әрі қарқынды өзгерістердің кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс жасайтынымызды, азаматтық құқықтарымызды қалай дұрыс жүзеге асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбімен өзгертуде. Біз жаһандық өзгерістерге және сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеруіміз қажет. Осыған орай біз «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық. Алдымызға дамыған отыз елдің қатарына қосылу мақсатын қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары да жүзеге асырылуда. Оның 60-қа жуық қадамы қазірдің өзінде орындалды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылады» [26].


Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытуға бағытталған 2020-2025 жылдарға арнап жасалған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылы 31 желтоқсанда №1050 қаулысына сәйкес, Халықаралық талдаудағы әлемдік экономика бойынша өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 15,6% деңгейін көрсеткен, бұл қазақстандағы деңгейден 11,4 %-ға жоғары. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, сондай-ақ, Еуропалық одақ елдерінде бұл көрсеткіш орта есеппен 14%-ды құрайды. Көптеген дамушы елдерде өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 20-35%-ға жетіп отыр, мәселен, Қытайда – 29%, Индонезияда – 20%, Малайзияда – 22%, ал посткеңестік кеңістік елдерінде, мысалы, Ресейде – 12 %, Беларусьта – 22%, Украинада – 12% құрайды. Көрсетілген кезеңде өңдеуші өнеркәсіптің өнеркәсіптік өндірісінің нақты көлемі индексінің орташа жылдық өсу қарқыны 4,5%- ды көрсетті және жиынтығында 42,3%-ға көбейді (2009 жылдың деңгейіне қатысты 2018 жылы). Бұл тау-кен өндіру секторындағы көрсеткіштен екі есеге жоғары (21,4%). 2009-2018 жылдары өңдеуші өнеркәсіптің жалпы қосылған құнының нақты өсімінің жиынтығы 48%-ды құрады, бұл Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің өсуімен шамалас (2009 жылға қатысты 2018 жыл – 47,9%). Мұндай синхрондылықтың басты факторларының бірі сыртқы нарықтардағы шикізат ресурстарына бағаның төмендеуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының өндіруші өнеркәсібінің даму қарқынының 22,9%-ға дейін баяулауы болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіп шығарылымының құрылымында 2018 жылы металлургия саласы (44,4%) басымды күйде қалып отыр, 2010 жылы – 41,5%, азық-түлік өнімдерін өндіру үлесінің біршама төмендегенін көреміз (18,1%-дан 14,7 %-ға дейін), машина жасау (9,8%-дан 10,5%-ға дейін), химия өнеркәсібі (2,7%-дан 3,9%-ға дейін) үлесі біршама ұлғайды. Қалған салалардың үлес салмағы іс жүзінде өзгеріссіз қалды.

2 Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиялық қуаттарын жетілдіруге бағытталған ұлттық өнекәсіптік саясат және оны жүзеге асыру механизмдеріндегі мәселелер

2.1 Өнеркәсіп өндірісінің құрылымдық даму потенциалын статистикалық талдау және оны дамыту мәселелері

Ең алдымен өңірлердің технологиялық күрделілік бойынша мамандануына тоқталайық: «Фраунгофер атындағы институттың әдіснамасы бойынша 600-ден астам кәсіпорынға жүргізілген кешенді сауалнама өңдеуші кәсіпорындардың 80%-дан астамы және өндіруші кәсіпорындарының 60%-ы Индустрия 2.0 (жартылай автоматтандырылған операциялар) деңгейінде немесе автоматтандырылған өндіріске көшу кезеңінде тұрғанын анықтады. Бұл ретте өңдеуші өнеркәсіпте 3% және тау-кен өнеркәсібінде 21% – индустрия деңгейінде немесе толығымен автоматтандырылған. Ресми статистиканың деректері бойынша Қазақстан Республикасының инновациялық қызметінің көрсеткіштері индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары іске асырыла бастағаннан бері оң серпін көрсетуде. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі 2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін аралықта 3 есе, 4,6%-дан 15,8%-ға дейін артты. 2018 жылдың қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптегі технологиялық инновацияларға арналған шығындар 610,8 млрд. теңгені құрады (2014 жылы 202,9 млрд. теңге). Өңдеуші өнеркәсіпте өндірілген инновациялық өнім көлемі 2018 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 7,5 есеге артып, 930,1 млрд теңгеге жетті. Инновациялық өнімнің экспорты 2015 жылы 31 427,8 млн. теңгеден 2018 жылы 161 671,9 млн. теңгеге дейін 5 еседен астамға артты. Өсудің осындай жоғары көрсеткішіне қарамастан, жалпы ішкі өнімдегі инновациялық өнімнің үлесі өте төмен деңгейде – 1,6%» [22] деп ақпарат берілген. Жыл сайын болып жатқан шығын мен кірістің айырмашылығына қарамастан, әр мемлекет өндірістік саясатқа көп көңіл бөлуде. Дағдарыс кезінде үлкен мөлшерде бөлінген инвестициялар, өзінің болашақта тиімділігін көрсетуде. Статистикалық мағлұматтарған жүгінсек, дағдарыс кезінде өздерінің инвестициялық мөлшерін қысқартып, өндіріс күштерін азайтқан компаниялар, дағдарыстан кейін өз қалпына келе алмауда. Экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, өндірістің жоғары тиімділігін арттыру үшін инновациялық жобаларға қомақы инвестиция-қаражат бөлген – тиімді және өте прогрессивті амалдың бірі болып табылып отыр.

Ал, Қазақстанда өңірлердің күрделілік бойынша мамандануы әр түрлі. Толық түсіну үшін төмендегі суретте көрсетілген статистикалық мағлұматтарға мән берелік.



Сурет 4 – Өңір атауларының технологиялық күрделілік ретінде мамандануы [64]. Дереккөз: ҰЭМ СК

Елімізде инновацияға, инновациялық өнім шығаруға қызығушылық артып, алға жылжу және өсу байқалғанмен, еліміз технологиялық тұрғыдан алғанда дамыған елдерден әлдеқайда артта қалып қойды. Мысалы, 2019 жылғы қорытындыға сәйкес технологиялық инновацияларды іске асырған ұйымдардың қосқан үлес салмағын қараған едік, Ұлыбританияда - 34%-ға, Францияда 36,7%-ға, Германияда - 55%-ға тең болған, ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 6,6 %-ды құрайды. Осыған орай Дүниежүзілік экономикалық форумның әлемдік бәсекеге қабілеттілік индексінің көрсеткішіне сәйкес "инновациялық әлеует" факторына сай 2018 жылы Қазақстан 87-орынға аяқ тіреді, Жаһандық инновациялар индексі көрсеткішінің деректеріне сәйкес Қазақстан 74-орында тұр. Ал бұл сатыда Ресей-46, Украина-44 орынға жайғасқан. Қазақстандағы ғылыми-зерттеу әрі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардағы шығынның жалпы ішкі өнім көрсеткіші 0,12%-ды құрайды, ал Еуропалық одақта ол 2%-ға тең, жеке елдерде 3-4%-ға дейін барады, мәселен, Израиль – 4,5%, Швеция – 3,3% құрайды, ең төменгі сатыда – Латвия - 0,5%-ға тең.

Еліміздегі жеке ірі компаниялар жүргізген технологиялық даму бойынша қолданылған мемлекеттік саясат еңбек өнімділігінің өсуін 5 жыл бұрынғымен салыстырғанда бірнеше есеге өсуіне, 2018 жылы 11849,0 мың теңгеге дейін көбеюіне мүмкіндік берді [38, 8].

Индустриялы елдердің өнеркәсіпті дамытудағы жалпы ережелері мен ұстанған саясаттары, басқарудағы ұйымдық құрылымдары ұқсас болып келеді. Құрылымның негізгі элементтері ретінде мыналар кіреді:

1. Елдің барлық аймағында орталықтандырылған, теңестірілген өнеркәсіп саясатын жүргізуге мүмкіндік беретін, өнеркәсіпке мемлекеттік қолдау білдіру

процесін және ережелерін жүйелеп топтастыратын өнеркәсіптік саясаттың нақты заңнамалық ережелерінің реттелуі;

2. Өнеркәсіптегі көрсетілетін қызметтерді дамыту және оларды сыртқы нарықтарға шығару туралы саясатқа жауап беретін орталық мемлекеттік орган, оның міндеттеріне мемлекеттің стратегиялық басымдықтарын ескеріп, индустриялық-инновациялық дамуды, қолданыстағы өндірістердің аясын кеңейту және жаңа өндірістердің пайда болуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған сауданы жүргізу жатады;

3. Өнеркәсіптік даму қорлары, агенттіктер қамтитын индустриялық-инновациялық дамуды қолдау институттарының жүйесі;

4. Мемлекет арнайы анықтап берген инвестицияларды тарту және өнеркәсіптік ірі жобаларды жүзеге асыру, жаңа салаларда өндірістер құру үшін өкілеттіктері қарастырылған ірі мемлекеттік не ұлттық жеке компаниялар;

5. Іске асырылуы үшін министрліктер мен ведомстволардың жоспар құруы, стратегиялар мен бағдарламаларды дұрыс бағытталған ғылыми, технологиялық, инновациялық саясат. Биржалық тауарларды емес, қосылған құны жоғары болатын тауарлар мен көрсетілетін жұмыстардың экспортына баса назар аудару [39].


Өнімнің негізгі басты ерекшелігі өндіретін өнімнің күрделі не күрделі емес екенінен бастау алады. Оның бастапқы шикізатты қолданудағы тәуелділігі де осыған байланысты.

Бағасы көбіне сауда биржаларында қалыптасқан және ауыспалы болып келетін бастапқы шикізатты тікелей қолдану бөлініс өнімдеріне тән болып келеді. Осыған орай мұндай өнімнің көлемі және экспорты сыртқы жағдайға байланысты күрт көтерілуге не төмендеуге бейім болып табылады.

Сонымен қатар, орташа және жоғары бөліністер өз орны бойынша неғұрлым тұрақты түрде өндіріспен көзге түседі. Бастапқы шикізат бағасына соншалықты тәуелді болмайды, себебі осы өнімнің өзіндік құны басты үлеске, жоғары технологиялар мен ғылыми еңбекке тиесілі болып келеді. Сондықтанда дамушы елдер "баға, сапа" деген түсініктерге теңгерімделген трансұлттық компанияларға пайдалы ұсыныстар жасау үшін ерекше көңіл бөлуі тиіс. Дамыған ғылыми-технологиялық база құру, жоғары деңгейдегі білікті кадрлардың базасын айшықтау, халықаралық интеграциялық бірлестіктер бойынша мүмкіндіктерді тиімді қолдану, перспективалы сауда келісімдерінің жүйесін дамыта түсу маңызды рөл атқарады.

Қосылған құн жасау тізбегін ары қарай жүргізу, ел арасындағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру құралы бойынша кластерлік саясатты іске асыру жаһандық қосылған құн жасау тізбектеріне кірудің түйінді әрі маңызды аспектілері болып табылады.

Биылғы оқу жылы барысында, Валерий Иванович Цой мұғалімнің «Ойын теориясы» пәнінде көрсеткен «шешімдердің салдарын модельдеу» тұжырымдамасын қолдандым. 5-суретте тұжырымдама модель ретінде көрсетілген.




Сурет 5 – Елдің бәсекеге қабілетсіздігінің басты себебі саналатын негізгі субъектілердің функционалды-жүйелік өзара әрекеттесу логикасындағы интеллектуалдық, қаржылық, технологиялық және еңбек ресурстарының теңгерімсіздігі.

Іс-әрекеттің схемалық тұжырымдалған функционалды модельдері - қабылданған шешімдердің логикалық салдарын модельдеуге және болжауға мүмкіндік береді. Мысал ретінде экономикадағы инновациялық және арендалық елдер арасындағы тауар-ақша ағындарының қозғалысының функционалды моделі келтірілген. Жалдау экономикасы бар ел (суретте сол жақта) функционалды тепе-теңдікті бұзады, субъектілер өзара әрекеттесу кезінде көптеген қиындықтарға тап болады. Мемлекет өзінің негізгі кірісін жоғары технологиялы өнімдерді өндіру мен сатудан ғана емес, табиғи ресурстарды сатудан да алады. Ресурстар таусылған сайын елдің экономикалық тәуелділігі артып, ұлттық қауіпсіздігі төмендей түседі. Нарықтық биржалар тауар-ақша ағындарын білдіреді, онда тараптардың тепе-теңдігі мен өзара дамуы қамтамасыз етіледі немесе бір тараптың екінші тарап есебінен бір жақты дамуы іске асырылады. Стратегиялық тұрғыдан қарағанда әрқашан соңғы пайдалану өнімдерін сататын ел жеңімпаз болып табылады. Соңғы пайдалану өнімдерінің өзіндік құнына сатып алынған ресурстардың құнын ғана емес, сонымен қатар логикалық анықталған процестер циклінің өзіндік құнынан тұратын қосымша құнын қосады - зерттеулер, дизайн, жарнама, өндіріс, сақтау, тасымалдау, сақтау, сату және т.б., сонымен қатар, өндірушілер ұсынатын мемлекеттік салықтар мен кірістер. Сондай-ақ, инновациялық өнімдерді жасаушы және сатушы ел үшін өндіріс құралдарын дүниежүзілік нарықта сататын кез-келген басқа ел шикізат - көмір, мұнай, газ, полиметалл, ағаш және басқаларын сататын кез-келген ел тиімді экономикалық донор ретінде қарастырылады. «Материалдық инвестор» осындай нарықтық теңсіздікті шоғырландыру үшін, бұл ел ескі технологияларды қайта өндіру режимінде өмір

сүретін және инновациялық өнім жасай алмайтын елдерге инновациялық өнімді сатумен қатар, оларға соңғы ресурстарына дейін қаржы ресурстарын инвестициялаумен айналысады.

Кейіннен нарыққа қосылған құн жасау тізбегі бойынша Boeing концерніне титан қорытпаларын өндіретін "ПОСУК Титаниум" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дәл қазіргі уақыттағы еліміздегі жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне кірудің басты мысалдарының бірі болып саналады. Трансұлттық жаңа компанияларды елге тарту, атап айтқанда, құны көп қосылған тауарлардың жаңа түрлерінің өндірілуі мен трансұлттық компаниялардың шикізаттарды бөлу жөніндегі ұсыныстары арқылы әлемдік нарыққа шығару, экспорттау аса маңызды. Жаһандық қосылған құн жасау тізбегі бойынша, сол қатарға кіру үшін жаһандық ойыншыларды тарту құралын жасау да маңызды орынға ие. Барлық өнеркәсіп түрлерінің салыстырмалы графигі 6-суретте көрсетілген.



Сурет 6 – 2018 жылдағы өңдеуші өнеркәсіптің салалық құрылымы, жиынын %-бен шаққанда [64].

Инвестициялық қызметтерді және жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне кіруді мақсат етіп қою үшін маңызды тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын жасау есебінен де іске асырылатын болады. Аталған құрал кадрлық, технологиялық және шикізаттық қолжетімділікті және экспорттық нарықтарды ескеріп, ел аумағынан оқшаулау үшін неғұрлым перспективалы тауарлық топтардың тізімін анықтау керек. Осы тауарлардың ұсынылатын тізімі мемлекеттің де, кәсіптің де сұрақтарына толық жауап береді

2.2 Қазақстан Республикасындағы түсті металлургия кешені және мыс өнеркәсібінің даму деңгейі мен өндірістің елімізде алатын орны

Қазақстанның экономикасына зер салар болсақ түсті металлургия еліміздегі басты өнеркәсіп саласының бірі. Қазан төңкерісіне дейін түсті металлургия саласы Жезқазған, Өспен рудниктерінде, Екібастұз мырыш, Қарсақпай, Спасск зауыттары, Қызыл еспе күміс-қорғасын зауыты, Зыряннов пен Риддер рудниктері, Өскемен байыту фабрикасы сынды кәсіпорындарымен атақты болды.

Түсті металлургия өнеркәсібі физикалық және химиялық қасиеттерге байланысты бірнеше түрге бөлінеді: жеңіл, ауыр, баяу балқитын, асыл, шашыранды, сирек кездесетін, радиоактивті болып бөлінеді. Сонымен қатар, түсті металл өндіруге алмас пен кейбір химиялық қосылыстар, атап айтқанда күкірт қышқылы, тыңайтқыштар, химикаттар және тағы басқалар өндірісі жатады [44].

Еліміздегі түсті металлургияның дамуы Орталық және Шығыс Қазақстандағы қорғасын мен мырыштың, марганец пен сирек металдардың үлкен кен орындарының болуына байланысты дамыған. Еліміздің Орал аймағындағы аудандарда хромит пен мыс минералдары көптеп табылған. Қазақстан әлем бойынша мырыш, вольфрам, бориттің шығару қорлары бойынша ең бірінші орында тұр, күміс, қорғасын, хромит шығару бойынша – екінші орында, мыс пен флюорит шығару бойынша - үшінші, молибден бойынша – төртінші, алтын шығару бойынша – алтыншы орында тұр. ТМД елдері арасында хромиттің жалпы қорларының – 90%, вольфрамның - 60%, қорғасынның - 50%, мырыш пен мыстың - 40%, бокситтердің - 30%, фосфориттердің - 25%-ның үлесі Қазақстан еліне тиесілі.

Түсті металлургияны құрылымы бойынша күрделі өнеркәсіпке жатқызамыз. Ол табиғи қасиеті мен атқаратын қызметіне байланысты 7-ге бөлінеді:

1. Жеңіл түсті метал (титан, натрий, калий, алюминий, магний, т.б.);
2. Сирек кездесетін түсті метал (сурьма, мышьяк кобальт, висмут, кадмий, сынап);
3. Ауыр түсті метал (қалайы, мырыш, никель, мыс, қорғасын,);
4. Шашыранды, өте сирек кездесетін метал (галлий, индий, цирконий, таллий, селен, т.б.);
5. Радиоактивті метал (осмий, радий, уран, бериллий);
6. Қоспаға тиімді түсті метал (тантал, ниобий, вольфрам, молибден, ванадий);
7. Асыл метал (платина мен платиноидтар, алтын, күміс,);

Түсті металлургияның құрамына кіретіндер: никель-кобальт, алюминий, мыс, мырыш-қорғасын, титан-магний, асыл металдар өндіру, қатты қорытпалар, сирек кездесетін металдар өндіру салалары және уран мен алмаз өндіру, байыту, оны өңдеу жатады. Технологиялық өндірістік циклдың түрлері төмендегі 7-суретте көрсетілген.



Сурет 7 – Технологиялық өндірістік циклдің басты стадиялары [48].

Қазақстанда шығатын түсті металлургияның шикізат базасындағы ерекшеліктері мыналар:

- полиметалл мен түсті металл рудаларына өте бай;
- сирек және жерде сирек кездесетін металл рудаларынан әр түрлі дайын өнім алу ерекшелігі;
- ұзақ уақыт толассыз пайдалану салдарынан кейбір кен орындарындағы рудалардың таусылуы және құрамындағы металдың азайып кетуі;
- жаңа кен орындарын іске асыру арқылы шикізат базасын өркендетіп, оны өндіру технологиясын арттыру және кешенді тұрғыда өңдеу арқылы руда құрамындағы барлық түсті металды бөліп алу;
- түсті металл шығаратын өндірістердің дамымаған және суға тапшы аймақтарда орналасуы;
- түсті металл рудаларын өндіретін мекендердің экологиялық мәселелерінің болуы және оны шешу амалдары.

Шығыс Қазақстан облысындағы металлургия өнеркәсібі еліміздегі өңір экономикасында ең бірінші орын алады. 2020 жылғы соңғы 6 айдағы өнеркәсіп өндірісінің облыс көлеміне қосқан үлесі 44,6%-ды құраған.

Осы облыс металлургия өнімдері өндіру бойынша республика көлемінің 30%-ын құрайды, яғни көрсеткіш бойынша Қазақстан өңірлерінен екінші орынға сай келеді. Облыс металлургия өнімдері өңделмеген мырыш өндірісін өндіру бойынша ел көлемінің – 99,96%-ды, өңделмеген тазартылған қорғасын өндіру бойынша – 99,7%-ды, өңделмеген, жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі күміс – 65%-ды, өңделмеген, жартылай өңделген ұнтақ түріндегі алтын – 24%-ды, өңделмеген тазартылған мыс – 16%-ды құрайды.

2020 жылдың алғашқы жартыжылдығында металлургия өндірісі 489,5 млрд. теңгеге сай келетін өнім өндірді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға төмен.

Мыс және полиметалл өндіретін кен орындары Қарағандыда, Шығыс Қазақстанда, Павлодар облыстарында бар. Бірақ Кеңес үкіметі уақытында бұл облыстардың құрамындағы тек мысқа бай, көп шығын келтірмей өндірілетін кен орындары ғана жұмыс жасады. Сонымен қатар жаңа геологиялық барлау жұмыстары да аз жүргізілді, шахталарда, рудниктерде терең жатқан қабатты жаңа кен орындары аз игерілді, тіпті игерілмеді десе де болады. Еліміздің мыс кен орындары 8-суретте көрсетілген.



Сурет 8 – Еліміздегі мыс кен орындарының топтары [51].

Елімізде шығарылатын мыстың көбісі елімізде өндіріледі. Қазіргі таңда негізгі мыс рудалары Орталық Қазақстан мекеніндегі Жезқазғанда және Қоңырат кен орындарынан көптеп өндіріліп келеді [51,21].

Жезқазған қаласы жалпы көріністе моноқала болып табылады және ол қаланың негізгі экономикалық бағыты – өнеркәсіп. Қаланың тұрғындарының көбі қалақұрушы кәсіпорын «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-де жұмыс атқарады. Қаланың кәсіпкерлік үлесінің 85 пайызын – өнеркәсіп саласы құрайды, қалған 15 пайызы – сауда-саттық пен қызмет көрсетуге тиесілі.

Қала өнеркәсібіндегі негізгі сала - мыс металлургиясы. Мұнда еліміздегі ең қуатты мыс өңдеу комбинаттарының бірі әрі бірегейі орналасқан. Оның құрамында екі байыту фабрикасы және мыс балқыту зауыты жұмыс атқарады. Мысты одан әрі өңдеу мыс созба сым зауытында іске асырылады.

Қаланың ауданында сирек кездесетін, шашыранды және асыл металдардың қоспаларына бай мыс кен орындары игерілуде, атап айтқанда: теллур, висмут, мырыш, молибден, алтын, күміс, кадмий, рубидий, таллий, кобальт, рений цезий, литий және осмий изотопы-187 (бір грамм бағасы 10 мың- 40 мың долларға дейін), оны өңдеумен «Жезқазғантүстімет» кәсіпорны айналысады.

Бұдан басқа марганец кені де өндіріліп шығарылады, ал 2006 жылдан бастап Жаман-Айбат кен орнында мыс кенін әзірлеуді бастады. Қаладағы ауыр өнеркәсіптің барлық кәсіпорындарына тиесілі «Қазақмыс» корпорациясы әлемдегі мыс өндіруші компаниялар арасында үздік ондыққа кіреді.

Жеңіл өнеркәсіп саласында бірнеше тігін цехтері мен «Ютария» тігін фабрикасы жұмыс жасайды, машинажасау саласында арнайы техникаға фильтр өндіретін «Казтехфильтр» ЖШС-ін де атап өтуге болады. Ал, құрылыс заттарын өндіру саласында «ЖезТемирБетон» және «С и Жест» кәсіпорындары жұмыс атқаруда. Тамақ өндіру саласы бойынша «Ұлытау Нан» ЖШС, «Сүт Жағасы» ЖШС жұмыс атқарып келеді. Одан басқа, қалада өнеркәсіп саласында жылдан жылға жаңа инвестициялық жобалар іске қосылуда. Соңғы 5 жылда жалпы құны 7 млрд. теңгені құрайтын жаңа бірнеше ірі жобалар іске қосылды. Атап айтар болсақ:

1. «Жалтырбұлақ» АҚ-ның «Алтын кенін өндіру кешені», жоба құны 3,4 млрд. Теңгені құрайды, өндіретін өнім түрі – алтын катодты тұнбасы (катодный осадок). Іске қосылған уақыты – 2016 жыл;

2. «Самға» ЖШС-нің «Темір бетон зауыты», жоба құны – 240 млн. Теңгені құрайды, өндіретін өнім түрі – темір-бетон бұйымдары, фундаменттік блоктар, бордюрлар. Іске қосылған уақыты – 2017 жыл;

3. «Компания Баян» ЖШС – нің «Арнайы азық-түлік өнімдерін өндіру цехі», жоба құны – 434,8 млн. Теңгені құрайды, өндіретін өнім түрі – сүзбе, йогурт, сүт өнімдері. Іске қосылған уақыты – 2015 жыл;

4. «Тәтті» ЖК – нің «Кондитерлік өнімдерді өндіру цехі», жоба құны – 125 млн. Теңгені құрайды, өндіретін өнім түрі – торт, тәтті тоқаштар. Іске қосылған уақыты – 2016 жыл;

5. «Тулеуов» ЖК-нің «Ұн өнімдерін өндіру цехі», жоба құны – 280 млн. Теңгені құрайды, өндіретін өнім түрі – печенье, тоқаш. Іске қосылған уақыты – 2017 жыл;

6. «Ұлытау Нан» ЖШС – нің «Нан өндіру зауыты», өндіретін өнім түрі – нан және кондитерлік өнімдер. Іске қосылған уақыты – 2018 жыл.

2021 жылы жалпы құны 9 млрд. 850 млн. теңгені құрайтын 3 ірі жоба іске қосылады деп жоспарлануда, олар:

1. «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің гидрометаллургия тәсілімен қара мыс концентратын өңдеу тәжірибиелі зауыты, құны 8,2 млрд. теңгені құрайды деп жоспарлануда;

2. «КазХимСинтез» ЖШС-нің өндірістік реагент өндіру зауыты, құны 1,2 млрд. теңгені құрайды деп жоспарлануда;

3. «Самади - 2030» ЖШС-нің «Ұн өндіру кешені», жоба құны – 450 млн. Теңгені құрайды деп жоспарлануда [52].

Бұл жобалардың жүзеге асырылып, жоспарлы түрде ісе асып дамуы қаладағы өнеркәсіптің ары-қарай дамуына да өз үлесетін қосады. Жалпы зерттей келе, қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарының соңғы 5 жылда шығарған өнім көлемінің көрсеткіштері мынадай:

2015 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 196 млрд.100,2 млн. Теңгені құрады, ал алдыңғы 2014 жылдың деңгейіне 116,2% (2014 жылы – 168 млрд. 812,1 млн. теңге болған), 2015 жылдың жоспарына 102,7% (жоспар – 190 млрд. 963,8 млн. теңге) құрады. Жалпы өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі (ИФО) 194,1% - ды құрады.

2016 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 262 млрд. 364,5 млн. теңгені немесе 2015 жылдың деңгейіне 135% (194 млрд. 100,2 млн. теңге), 2016 жылдың жоспарына 108% (243 млрд. 003,1 млн. теңге) құрады. Нақты көлем индексі - 98%. НКИ төмендеуі шілде мен тамыз аралығында «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің мыс зауытында РТП - 2 пешінің жоспарлы күрделі жөндеу жұмысына байланысты.

2017 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 336 млрд.245,5 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 126% (262 млрд. 364,5 млн. теңге), 2017 жылдың жоспарына 102,5% (328 млрд. 027 млн. теңге) құрады. НКИ-108%.

2018 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 348 млрд.592,3 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 103,7% (336 млрд. 245,5 млн. теңге), 2018 жылдың жоспарына 103% (338 млрд. 600 млн. теңге) құрады. НКИ-93%. НКИ төмендеуі мамыр мен маусым аралығында «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің мыс зауытында РТП - 2 пешінің жоспарлы күрделі жөндеу жұмысына байланысты.

2019 жылы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 535 млрд. 174,3 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 160,4% (348 млрд. 592,3 млн. теңге), 2019 жылдың жоспарына 122,4% (437 млрд. 092,3 млн. теңге), НКИ – 158,4% құрады.

2020 жылы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 611 млрд. 133 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 115,5% (535 млрд. 174,3 млн. теңге), 2020 жылдың жоспарына 109% (560 млрд. 500 млн. теңге), НКИ – 102,2% құрады [53].

2.3 Шикізат базасын нығайтуға бағытталған инновациялық ұсыныстар және өнеркәсіп қабілеттілігін жоғарлату механизмдері мен жетілдіру жолдары

Қазіргі таңда Қазақстан 10 жылдан астам уақыт бұрын белгіленген индустриалды даму бағытын жалғастырып келеді. Ел басшылығының тапсырмаларын және қазіргі дағдарыстық жағдайды ескере отырып, индустриялық блок өнеркәсіптік саясаттың жалпы тәсілдерін түзетіп жіберді деуге болады. Қазіргі әлемдік тенденциялардың жағымсыз әсерін азайтып, өңдеу өнеркәсібін одан әрі жақсарту үшін мынадай нұсқауларды ұстанған дұрыс:

1. Экспорттық нарықтарға кейін шыға отырып, ішкі нарықты жоғары сапалы отандық өнімдермен толықтыру арқылы ішкі нарықты өзіміз қамтамасыз ету. Сондай-ақ, қазақстандық өнімді ішкі нарықта сатуға

негізделген даму панацея емес, тек келесі экспортқа арналған трамплин болып табылады.

2. Отандық өнеркәсіптегі бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жоғары қосылған құны бар тауарлардың өндірісін қолдау.

3. Жаңа технологияларды енгізе алатын және экономика жағынан күрделі өндірістік және тұтыну тауарларын шығаратын табысты әрі қолайлы компанияларға назар аудару.

4. Өнімділікті арттырып әрі жаңа нарықтарды дамыту бойынша өндірістік саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін бизнес пен үкіметтің серіктестігін нығайту.

5. Өнімді ішкі және сыртқы нарықта дамыту үшін технологиялық шешімдерден мемлекеттік тиімді ынталандыру құралдары.

Ішкі нарықтың отандық өңдеу өнеркәсібін және оның бәсекеге қабілеттілігін күшейту және экспорттық нарыққа шығу үшін қажетті трамплин ретінде маңыздылығын тағы бір рет атап өткен жөн. Отандық өңдеу өнеркәсібінде ішкі нарықта өнімді экспортпен толықтыру үшін дайын өнім өндірудің үлкен маңызы бар.

Мемлекет басшысы өз сөзінде бірнеше рет атап өткендей, ішкі экспорт құрылымы түбегейлі өзгермейді. Экспорттың 70% -дан көбі әлі күнге дейін өндіруші салалардан алынып отырады. Өңдеуші өнеркәсіп экспортының тек 14% -ы (15,7 млрд доллардың 2,2 млрд.) күрделі қайта өңдеу тауарларына жатады [60].

Екінші жағынан, өңдеу өнеркәсібінде импортты алмастырудың әлеуеті 35 миллиард доллардан асып жығылады.

Импорттың жоғары тәуелділігі әсіресе жекелеген салаларда жиі байқалады: машина жасау, металлургия, химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, фармацевтика және тамақ өнеркәсібі.

Ішкі нарықты қолдау және қолданыстағы өндірістік қуаттарды арттыру және жаңа инвестициялық жобаларды енгізу арқылы импортқа тәуелділікті төмендету үшін өсімнің резервтері болады. Өңдеу өнеркәсібінде импортты 2025 жылға қарай 20% -ға дамыту мүмкіндігі бар (7 млрд. долларға дейін).

Өнеркәсіпте қол жетімді шикізат ретінде жоғары құнды өнімдерді дамытуға баса назар аударған жөн. Қазіргі таңда көп жағдайда қазақстандық металлургия өнімі қосылған құны төмен өнімдермен (феррохром, өңделмеген мыс, глинозем және бастапқы алюминий және т.б.) ұсынылған, олардың біраз бөлігі шикізат түрінде немесе шикізатқа ұқсас өнім түрінде экспортталады.

Түсті металлургияда, атап айтқанда, мыс, алюминий және қорғасыннан жасалған тауарларды 564 миллион АҚШ долларына импорттауға немесе алмастыруға мүмкіндік бар.

2019 жылдың соңындағы мәліметтерге сүйенер болсақ Қазақстанда өндірілген 4,7 миллион тонна бастапқы шикізаттың тек 263 мың тонна бастапқы алюминий ғана өндірілді, ал қалған металдың көп бөлігі шетелге экспортталады (230 мың тонна). Бұл аталған көлемнің тек 33 мың тоннасы ғана отандық өндірісте өңдеуден өткен.

Ал, елімізде мыс пен қорғасынға қатысты жағдай ұқсас. Елде 473 мың тонна мыс өндірілсе, оның 439 мыңы экспортталады. Сондай-ақ, 131 мың тонна қорғасын өндірісінде оның 88,5%-ы, яғни 116 мың тоннасы, ал 318 мың тонна мырыш өндірісінде 82%-ы, яғни 260 мың тоннасы экспортталады. Өз еліміздегі өндіріс орындарына кейде тіпті өнім жетпей қалып жатады.

Дегенменде, үлкен шикізат базасын ескере отырып, Қазақстан елдегі шикізатты қайта өңдеу жұмысын арттыру үшін жұмыс істей алады және істеуі керек те. Біздің елде алюминий өндірісін өндіруде айтарлықтай әлеуетіміз бар, мәселен: цистерналар 36 миллион долларға бөшекелер, барабандар, банкілер, 33 миллион долларға алюминий штангалары мен профильдер, 23 миллион долларға, алюминий тақтайшалар мен белдеулер, 9 миллион АҚШ доллары болатын мыс құбырлары мен түтікшелері, 8 миллион АҚШ доллары тұратын мыс фитингтері, 7 миллион АҚШ доллары тұратын мыс сымы, 6 миллион АҚШ доллары болатын мыс тақтайшаларын дайындауға болады. Ол үшін ірі жер қойнауын пайдаланушылармен жоғары құны бар дайын өнімнің перспективалы және бәсекеге қабілетті өндірісін ұйымдастыру туралы мәселелерді пысықтау қажет [61].

Қара металлургияда, 2,4 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі өнімдердің импорты есебінен өсу қорлары бар, олар тек өндірістік мақсатта ғана емес (мұнай өндіру және газ үшін), сондай-ақ, кеңінен қолданылатын жіксіз және дәнекерленген құбырлар, жалпақ прокат өнімдері, шыбықтар, балқытылмаған болат, сондай-ақ азаматтық мақсатта, яғни нысандар салу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін дамыту, сумен жабдықтау, шығармашылық индустриясында да қолданылады.

Елде өндірісті ұлғайтудың мүмкіндігі көп - 1 миллиард долларға жіксіз құбырлар, 331 миллион долларға шыбықтар, 142 миллион долларға арматуралар шығаруға болады.

Сонымен қатар, қара металлургия өнімдерінің отандық өндірушілері де бар, бірақ сапасы халықаралық талаптарға сай жоғары стандарттарды қолдануды талап етеді. Автомобиль өнеркәсібінде қажет - шпат болат, автомобиль болат темірлерін қолдану қара металлургия өнімдерін шығаруға мүмкіндік беретін өнімдер.

Машина жасауда, Отандық машина жасау нарығы әлі күнге дейін импортқа тәуелді болып келеді. 2019 жылдың соңында елдің жалпы импортының 55% -ы машина жасау өнімдеріне тиесілі, бұл 16,9 млрд. долларды құрайды. Машина жасау саласында айтарлықтай нарықтық әлеуетке ие бола отырып, Қазақстан импортының едәуір бөлігін «қайтарып ала» алады, оқшаулауды және басым бағыттар бойынша жергілікті қамту деңгейін арттыруға да мүмкіндік бар.

Мұнай және газ техникасы. Мұнай-газ державасы ретінде Қазақстан өзінің мұнай-газ машина жасау саласын өте перспективалы дамытып отыр, мұнда 3,7 млрд. АҚШ доллары көлемінде импортты алмастырудың едәуір мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта отандық өндірушілер ішкі сұраныстың 6% -ын ғана жабады, ал ірі мұнай операторларының (КПО, ТШО, НКОК) жыл сайынғы сатып алулары

ішкі өндірісті ұлғайту үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Ол үшін ірі мұнай операторларының сатып алуларын импорттық өніммен қамтамасыз етуде тең жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі уақытта ірі өндірістердің қажеттіліктері үшін жеткізілетін импорттық өнімдер ҚҚС төлемей әкелінеді.

Электротехника - бұл Қазақстандағы машина жасауды дамытудың драйверлерінің бірі, ең алдымен макроөнеркәсіп деңгейіндегі сыртқы экономикалық ауытқуларға ұшырайды. Өнеркәсіптің импортты алмастыру мүмкіндігі жыл сайын 3,9 миллиард АҚШ долларын құрайды. Бірақ, саланы одан әрі сапалы дамыту үшін отандық қайта өңдеушілерді сапалы және қол жетімді шикізатпен қамтамасыз ету қажет («Alageum Electric» АҚ, «Қайнар-АКБ» ЖШС, «КЕМОНТ» АҚ және т.б.). Мысалы, «Қайнар-АКБ» ЖШС-ға тиісті және сапалы қорғасын шикізатымен қамтамасыз ету кәсіпорынға өндіріс көлемін ұлғайтуға немесе «Alageum Electric» АҚ-да трансформаторлар өндірісі үшін сапалы және қол жетімді электрлік болатқа қолжетімділікті жақсартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынға өндірісті едәуір ұлғайтуға және макроөңірдің орыс, өзбек және басқа сату нарықтарында агрессивті дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы техникасы. Егістік көлемі едәуір үлкен болғандықтан, Қазақстан әртүрлі ауылшаруашылық техникаларымен салыстырмалы түрде төмен деңгейде қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Қазақстандағы ауылшаруашылық машиналары паркінің орташа тозу деңгейі 76% құрайды, атап айтар болсақ трактор паркінің 85% және комбайн паркінің 68% құрайды. Елімізде жеткілікті өндірістік қуаты бар тракторлар, комбайндар мен тіркелген жабдықтар шығаратын бірқатар кәсіпорындар бар, уәкілетті мемлекеттік орган Ресей мен Беларусьиядан ауылшаруашылық техникаларын әкелуге жылыжай жағдайларын жасайды.

Осыған байланысты, бірінші кезекте, негізінен отандық өндіріс есебінен ауылшаруашылық техникаларын жаңартуды жүзеге асыру керек. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау саясатын өзгерту және тек отандық машина жасау өнімдерін сатып алуға субсидиялар мен жеңілдіктер беру көзделген. Осыны ескере отырып, жыл сайын 534 миллион АҚШ долларын импортпен алмастыру мүмкіндігі бар.

Қазіргі уақытта тауар өндіретін өндіріс кәсіпорындары Қазақстанда өндірілмейтін импорттық шикізат пен компоненттерді қолданады. Өңдеу салаларында осындай аралық тауарлардың импортының үлесі 50%-ға дейін болуы мүмкін.

Анықтама үшін: елімізде секторлар бойынша импортталатын шикізаттың үлесі: фармацевтика - 63%, жиһаз өнеркәсібі - 55%, электронды жабдықтар мен компьютерлер - 40%, тамақ өнімдері - 21%, құрылыс материалдары өндірісі - 18%. Мысалы, трансформаторларды шығару үшін отандық кәсіпорындар қажетті тауарлардың бір бөлігін Оңтүстік Корея мен Малайзиядан сатып алады, бұл трансформаторлар құнының 40%-ын құрайды. Осыған байланысты өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы экономикалық өсу көздерін әртараптандыруды

белсенді түрде жалғастырып отыру қажет. Өнеркәсіптік саясатты іске асыру үшін мынадай шаралар ұсынылады:

1. Өңдеу өнеркәсібін ынталандыруға арналған салықтық жеңілдіктер мен мемлекеттік сатып алулардың әлеуетін пайдаланудың аралас тәсілдерінен тұратын қолайлы бюджеттік

2. Отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің кешенді бағдарламасы отандық тауарларды ішкі нарықта танымал ету және сыртқы нарықтарға жылжыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Анықтама үшін: Бәсекеге қабілеттіліктің кешенді бағдарламасы - мемлекеттік ынталандыру шараларын кешенді түрде қолдану, басқа да мемлекеттік қолдау шараларымен бірге бірқатар шараларды ұсыну.

1. Шиказат өңдеу және жоғары сапалы өнімді шығару үшін шикізатқа қол жетімділікті қамтамасыз ету. Ол үшін ЕАЭО серіктестерімен импорттық баж салығын алып тастау немесе төмендету, сондай-ақ шикізат пен компоненттердің негізгі баптарына ҚҚС-ты жою мәселелерін пысықтау қажет.

2. Өндірістік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету өнімнің жаңа түрлерін игеруге қолайлы жағдай жасайды.

3. Ішкі нарықты ақылға қонымды қорғау және сыртқы нарықта белсенді даму өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға, технологиялық реттеу арқылы ішкі резервтерді пайдалануға мүмкіндік береді [62,3].


Индустрияның тұжырымдамалық негіздерін қалыптастыру тұрғысынан саясат және оны жүзеге асырудың тетіктерін, әлемдік тәжірибені үш үлкен кезеңді ажыратады:

XX ғасырдың 50-60 жж. - жаппай индустрияландыру, өтемақы нарықтағы сәтсіздіктер, жаңа өндірістерді қорғау, мемлекеттік секторды басқару;

XX ғасырдың 70 - 90 жж. - 80-ші жылдардың басынан бастап үстемдік ету. Идеология сауданы ырықтандыру, жекешелендіру, шетелдік тікелей басымдығы инвестициялау, сонымен қатар құрылымдық бағдарламаларды жандандыру;

2000 жылдар - нарықтағы сәтсіздіктер; саяси контекстті нығайту, өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру; индустриялық саясаттың икемділігі, инновация мен модернизацияға бағытталуы; ұлттық инновациялық жүйелердің дамуына ықпал ету.

Төмендегі 9-суретте индустриялық-өнеркәсіптік саясаттың әлемдік даму кезеңдері көрсетілген.



Сурет 9 – Индустриялық-өнеркәсіптік саясаттың әлемдік даму кезеңдері [64]

Өндірістік саясаттың даму кезеңдерінің әр елде өзіндік тарихы бар. Ол тарих төмендегі 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5. Еуропа елдеріндегі өндірістік саясаттың даму кезеңдеріне талдау (мысал ретінде Австрия, Финляндия, Бельгия, Германия, Великобритания) [64]

Кезең	Өнеркәсіптік саясаттың мәні мен міндеттері
I кезең (XIX ғасыр – 20 ж. XX ғасыр)	Өнеркәсіптік саясаттың негізгі міндеттері құру болып табылады үлкен мүдделерді қолдайтын қуатты қорғаныс өнеркәсібі әлеуметтік факторларды ескеретін өндірістік кешендер тек маңызды бағыттар бойынша: елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, жұмыспен қамтуға кепілдік беру және т.б.
II кезең (30 ж. - 60-жылдар XX ғасыр)	Негізгі әлеуметтік кепілдіктер мен индустриялық дамудың мүдделерін теңгеруге көшу. Өндірістік саясат жалпы экономикалық саясаттың негізгі элементі ретінде енгізілген елдер
III кезең (70-жж. XX ғасыр - қазіргі уақыт)	Дамыған елдерде индустриалды және әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда теңдікке қол жеткізілді, көбіне үстемдік болады экономикалық мүдделерден гөрі әлеуметтік мүдделер. Қазіргі индустриялық саясаттағы әлеуметтік сала - бұл елдің өндірістік секторын дамытудың ажырамас элементі.

Ал, өз еліміздегі ұлттық индустриялық саясатты қалыптастыруға қатысатын механизмдер:

- ақша-несие және қаржылық саясат, ең алдымен қайта қаржыландыру ставкасы және коммерциялық бақылау банктер, экономиканы монетизациялау, валюта бағамы;

- құқықтық қалыптастыруды көздейтін институционалдық саясат және ұйымдастырушылық орта. Басқаша айтқанда, экономиканың заманауи құрылымын құру, ірі бәсекеге қабілетті корпоративті және холдингті қалыптастыру субъектілер (қаржылық және өндірістік топтар), мемлекеттік меншікті жеке меншікке көшіру шараларын жүзеге асырады (жекешелендіру) немесе керісінше (мемлекет меншігіне алу), заңнамалық қалыптастыру және жаңа нарық институттарын қолдау;

- бюджеттік және салық саясаты. Бұл саладағы даму отандық салық жүктемесін төмендету жолымен жүреді өндіруші және фокустың өндірістен соңғы тұтынуға біртіндеп ауысуы;

- инвестициялық қызметті ынталандыру. Мемлекеттік кепілдіктер берудің бюджеті және онымен байланысты жүйе. Жоғары технологиялық жобаларды қаржыландыруға арналған қаражат, бағдарламалар. Шетел капиталы;

- сыртқы экономикалық қызмет. Қаржылық қолдау көрсету үшін импортталатын кәсіпорындар технологиялық процесстегі жабдықтар, импорттық баж салығы төмендетілді. Лицензиялау аясы кеңеюде және т.б. Міндетті рәсім ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен технологиялық жұмыстардың нәтижелеріне құқықтарды тіркеу және беру [64].

Өнеркәсіптік климаттың қатынастарын төмендегі суреттен көруге болады.



Сурет 10 – Өнеркәсіптік климат [35].

«Өнеркәсіптік саясат мәні бойынша өндірістік нарықтың барлық қатысушыларына бірдей жағдай жасалуы керек. Заң жобасында экономикалық, әкімшілік, құқықтық, институционалдық және басқа жағдайларды қамтитын өнеркәсіптік климат ұғымын енгіземіз. Өнеркәсіптік климаттың жай-күйін бақылауды индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі жүзеге асырады. Оның нәтижелері болашақ кезеңдерге арналған өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру кезінде ескеріледі. Осы мониторинг негізінде басқару шешімдері қабылданып, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі бағаланады», - деді Бейбіт Атамқұлов Сенатта өтіп жатқан «ҚР өнеркәсіптік саясатты заңнамалық реттеу: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағатында.

Өнеркәсіптік саясатты және мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру үшін бірінші кезекте өндірісте сауда қызметі реттеліп, инвестиция тартылып, инновацияларды дамыту арқылы өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың тиімді ведомствоаралық үйлестіруін қамтамасыз етуден тұратын институционалдық базаны шоғырландыру қажет. Өнеркәсіптік саясаттың институционалдық базасының қойнауын төмендегі суреттен көруге болады.



Сурет 11 – Өнеркәсіптік саясат - институционалдық база [56]

Біз зерттеу жұмыста өнеркәсіптік саясатқа SWOT-талдау жасаған болатынбыз, нәтижесінде:

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының Заңнамасында «өнеркәсіптік саясаттың» белгіленуі 2. 2025 жылға дейінгі 5 жылдық жоспар/бағдарламаның іске асуы 3. Пайдалы қазба қоры бойынша үлкен резервтің болуы 4. Шет ел компанияларының инвестицияландыру қызығушылығы 5. Қалдық шаруашылығында жеткілікті көлемде пайдалы қазбаның жиынтығы 6. Техникалық оқу орындарымен, арнайы оқу орындарының баршылығы 7. Ірі кәсіпорындардың эконмикаға үлкен септігі 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кен өндіретін компанияларға тікелей байланысты моноқалалардың экономика жағынан тәуелділігі (халықтың әл-ауқаты) 2. Ескі өндіріс орындарының экологияға алып келетін зардабы 3. Кәсіптік бағдарлау жұмысы бойынша жүйелі тәсілдің болмауы 4. Дайын өнім шығаратын кәсіпорындардың тапшылығы 5. Мемлекет ішінде өнімнің сұранысқа ие болмауы 6. Салықтың жоғарылығы 7. Маркетинг саясатының нашарлығы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімнің ішкі және сыртқы саудаға жүзеге асыруы 2. Жергілікті қамту 3. Заңнама жағынан шет ел инвесторларына бизнес-ортаның жайлы болуына ықпал тигізу 4. Инвесторлар арқылы өндіріс орны шоғырланған елді-мекендерде халықтың әл-ауқатының, жайлы қала болуына септігін тигізу 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әлемде кен, мұнайға бағаның күрт төмендеуі 2. Халықтың экономикалық-әлеуметтік жағдайының тікелей өндіріске байланысты 3. Шағын және орта бизнестің дамымауы 4. Экологияға келетін зардаптан халықтың денсаулығы күрт әлсіздеуі 5. Бәсекелестіктің өсуі және нарыққа қатысушылар саны 6. Өндіріс орны тапсырыс берушілер мен жұмыс орындаушының (мердігерлер) жұмыс барсындағы кемшіліктер 7. Геологиялық тәуекелдер (күтілетін ресурстардың расталмауы) 8. Салалық ғылымның болмауы

Сурет 12 – Өнеркәсіптік саясатқа SWOT талдау

Магистрлік жоба аясында:

- Жезқазған қала әкімдігінің басшыларынан;
 - Индустрия және инфрақұрылымдылық даму министрлігінің өнеркәсіпті дамыту комитетінің мамандарынан;
 - ЖШС «Қазақмыс Корпорациясы» топ-менеджерлерінен;
 - «Жезқазған қаласының кәсіпкерлер қауымдастығы» мүшелерінен
- сарапшы (экспертті) сұхбат 12 адамнан алынды. Терең сұхбат түрлерінің бірі, сұхбаттасушының жеке басына емес, оның белгілі бір қызмет саласындағы біліміне, құзыреттілігіне және кәсіби тәжірибесіне назар аударатын сапалы зерттеу әдісі қолданды. Мемлекеттік өндірістік саясатты дамытудың түбегейлі шешімдер қабылдану керектігі – сұхбат беруші сарапшы мен сұхбат алушы ойлары тең келді. Сарапшыларға түрлі сұрақтар қойылып, ойлары ескерілді. 12 сарапшының тоқ етер шыққан ойларын 13-суреттегідей бір жиынтыққа жинадық:



Сурет 13 – Сарапшылармен сұхбаттың көрсеткіштері

Сұхбат нәтижелері:

- Сарапшылардың 45% мемлекеттік өндірістік саясаттың жетілдіру механизмдерінің жеткілікті тиімді екенін атап өтті;
- Сарапшылардың 20% бейтарап ойды қабылдады;
- 35% сарапшылар жеткіліксіз тиімді екенін атап өтті және шешу жолдары мен механизмдерін жеткізді.

Қорытынды

Магистрлік жұмыстағы зерттеу нәтижелерін қорытындылай отырып еліміздегі өнеркәсіп құрылымының толық дамымағаны, өндірістің құлдырау қарқынының жоғары көрсеткіште болуы жеңіл өнеркәсіпті қайта құру қажет екенін және ол аймақтың басқа да экономикалық салаларымен байланыста жүру керегін дәлелдей түседі. Осыған орай өнеркәсіпті дамыту мен жетілдіру мақсатында төмендегідей бағыттар бойынша іс-шаралар жүзеге асырып, өнеркәсіптің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі мен құрылымын қалыптастыру керекпіз.

Өңдеу өнеркәсібінің инвестициялық тартымдылығын арттыру шаралар жүйесін жүргізу үшін: меншік иелерінің, инвесторлардың, несие берушілердің және миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейту, барлық кәсіпорындарға бірдей жағдай жасауға икемдену, жеке түрдегі салық және несиелік жеңілдіктермен субвенциялар беруден бас тарту, барлық инвесторларға меншік нысандарына тәуелсіз шаруашылықтың тең бәсекелестік шарттарын құру, кәсіпорынды тіркеудің жеңілдетілген жүйесін енгізу жолымен экономиканы қайта реттеуді жалғастыру, тауар және капитал нарықтарында монополияға қарсы саясатты тиімді жүргізу, кәсіпорындар қаржы есептерінің халықаралық стандарттарына көшуді жеделдету жатады.

Өнеркәсіп өндірісінде бәсекеге қабілетті өнім өндіру мүддесіне сай болу үшін, өнеркәсіп өндірісінде сапаны көтеруде тиімді мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру керекпіз:

- халықаралық стандарттарға сүйеніп сапаны қамтамасыз ету және жаңаша басқару әдістерін енгізу;

- республикадағы өнеркәсіп кешені жұмысындағы техника-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту;

- отандық тауарлар, жұмыстар мен қызмет түрлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- сапалы тауарлардың ассортиментін кеңейту;

- экспортты дамыту;

- жаңа жұмыс орындарын құру;

- тұтынушыныларды сапасыз және қауіпті тауарлардан, жұмыстар мен қызмет түрлерінен қорғау.

Өнеркәсіп салаларына шетел инвестициясын тарту саясатын жетілдірудің негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін төмендегі шараларды іске асыру қажет деп санаймын:

- Қазақстан аймағына шетел инвесторларының кәсіпкерлік қызметін және шетел инвестициясын тартуды реттейтін тұрақты нормативті-құқықтық базаны енгізу, ал, оның құрамына міндетті түрде салық салу жүйесін бонустар және тағы басқа салық жүйесінің элементтері негізінде ынталандыру;

- инвестицияны тарту нысандарын кеңейту (концессия, сенімді басқару, өнімді бөлу келісім шарты және т.б.);

- шетел инвестициясын тартуды ұйымдастыру құрылымы нысандарын дамыту, яғни халықаралық лизингтік компаниялар, халықаралық компаниялар және шетел инвестициясын сақтандыру және қорғау, кепілдік жүйесін ұйымдастыру;

- инвестициялық бағдарламалар мен жобалар маркетингі, ақпараттық және кеңес беру жүйесін дамыту, шетелде инвестициялық бюро жүйесін құру, инвестициялық жобалар бойынша ақпараттар банкін және шетел инвесторлары үшін инвестициялау ережелері жөнінде анықтама мәліметтерін қалыптастыру, арнаулы ақпараттық баспа өнімдерін дайындау және т.б.;

- халықаралық инвестициялық қауымдастықта Қазақстан қатысатын келісім шарттың аясын кеңейте түсу:

- инвестиция жөнінде көпжақты келісім шарттың дайындалуына қатысу;

- халықаралық қаржы институттары мен ұйымдарымен инвестициялық қауымдастықты дамыту.

Жоба аясында қарастырылған ұсыныстар мен нәтижелердің түйіні астындағы суретте көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар

✦ Ірі өнеркәсіп орындарының құрылымында ғылыми-өндірістік кешен ұйымдастыру	✓ Жоғары оқу орындарымен бірлесіп, ғылымды және өндірістік процесті ұйымдастыру проблемаларын біріктіруге мүмкіндік береді
✦ Дайын өнім зауыттарын салу процесін жаңадандыру	✓ Экономиканы дамытудың тиімді құралы және оң әсерін тигізеді
✦ Үйінділердің қалдық қоймасын қалдықсыз қайта өңдеу	✓ Экономикалық міндеттер, экологиялық және онымен байланысты әлеуметтік мәселелер де шешіледі.
✦ Инвестицияны тарту нысандарын кеңейту	✓ Шетел инвестициясын тартуды ұйымдастыру құрылымы нысандарын дамыту

Сурет 14 – Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар

Қорыта келе айтқанда әлемдегі экономикалық дамудың соңғы жылдарында елімізде пайдаланылмаған және ескерілмей қалған көптеген мүмкіндіктер болды. Ендігі кезде, дамыған және белсенді дамушы мемлекеттердің жиі қолданатын тиімді тәжірибелерін еліміздің барлық ерекшеліктерін ескере отырып, отандық өндірісті жетілдіруге пайдалануымыз тиіс деген пікірдемін. Осы орайда, инновациялық даму үлгілерінің отандық өндіріске лайықты түрлерін қолдану жөнінде пайдаланудың ұтымды жолдарын қарастырған жөн деп санаймыз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту. Қазақстан Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы. - Нұр-Сұлтан: 2020, - 107 б.

2 Преснякова Е.В. Модели и инструменты промышленной политики в странах мира с высоким уровнем дохода // Стратегия развития экономики Беларуси: вызовы, инструменты реализации и перспективы: сборник научных статей в 2-х томах // Национальная академия наук Беларуси. – Минск: Право и экономика, 2019. – 634 с.

3 World Investment Report 2018: Investment and New Industrial Policies / United Nations Conference on Trade and Development. New York and Geneva: UNCTAD. – 2018. – 213 p.

4 Keun L. Industrial Policies for Upper-Middle-Income Countries. – Geneva: International Centre for Trade and sustainable Development (ICTSD) and World Economic Forum, 2015. – 12 p.

5 Қартабай А.Т. Мұнай-газ өндірудің заманауи техникасы мен технологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2021, – 156 б.

6 Қартабай А.Т. Қабаттардың мұнай бергіштігін арттыру техникасы мен технологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2021, – 214 б.

7 Касенов К.Р., Агзам Ә.Қ., Аманкосов А.Ж. Кәсіпкерлік стратегиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 242 б.

8 Калиева А.Е., Салибекова П.Қ. Инновациялық кәсіпкерлік: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2020. – 169 б.

9 Н.Назарбаев. Жаңа кезең - жаңа экономика. // - Астана, 2014.

10 Синица Л.М. Организация производства. – Минск, 2016, 126 б.

11 Фатхутдинов Р.А. Организация производства. – М: 2011, 45 б.

12 Государственная программа индустриально – инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы.

13 Программа развития и поддержки малого предпринимательства в научно-технологической сфере и сфере высшего образования, Астана. - 2011.

14 World Investment Report 2018: Investment and New Industrial Policies / United Nations Conference on Trade and Development. New York and Geneva: UNCTAD. – 2018. – 213 p.

15 Измаханов А.К. Табыс деңгейі жоғары елдердегі өнеркәсіптік саясат модельдері мен құралдары. – Алматы. – 2020, 51 б.

16 Турашева С.Қ., Ерназарова Г.И. Биотехнология негіздері: жоғары және төмен сатыдағы өсімдіктер биотехнологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016. - 402 б.

17 Абдибаттаева М.М., Итжанова К.С. Өнеркәсіптік желдету: практикум. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 172 б.

18 Жұмамбаев С.К. Басқару экономикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 258 б.

- 19 Оңдаш А.О. Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметтері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2017. – 284 б.
- 20 Табеев Т.П. Өндірістік экономика бойынша практикум. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 142 б.
- 21 Құнанбаева Д.Ә. Шығындарды басқару: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 197 б.
- 22 Садыханова Г.А., Рахматуллаева Д.Ж., Тураров Д.Р. Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 129 б.
- 23 Ахметова З.Б., Аликбаева А.Б., Белғожақызы М. Баға белгілеу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 250 б.
- 24 Касенов К.Р., Агзам Ә.Қ., Аманкосов А.Ж. Кәсіпкерлік стратегиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 242 б.
- 25 Жұмамбаев С.К. Еңбекті ұйымдастыру және мөлшерлеу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 178 б.
- 26 Аскарова Ж.А. Бизнесті бағалау. Өнд., толықт. 2-бас.: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 222 б.
- 27 Бадавамова Г.Л., Алимжанова М.Б. Түсті металдар технологиясы және оның өнімдеріне аналитикалық бақылау жүргізу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – 141 б.
- 28 Нурғалиева Г.К., Жунисова Г.Е. Тәжірибелік аудит: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 142 б.
- 29 Бөлегенова С.Ә., Шортанбаева Ж.Қ., Даңлыбаева А.К., Бекетаева М.Т. Өнім сапасын басқару. Сапа менеджментінің әдістері мен тәсілдері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2017. – 226 б.
- 30 Джулаева А.М. Бизнесті ұйымдастыру: оқу құралы. - Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 174 б.
- 31 Сатыбалдин С.С. Тәуелсіз Қазақстан экономикасының өркендеуіне – 25 жыл: Развитию экономики независимого Казахстана – 25 лет. - Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 377 б.
- 32 Табеев Т.П. Өндірістік экономика бойынша практикум. Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 142 б.
- 33 Ермухаметова С.Р. Қазақстанның инновациялық дамуының құқықтық негіздері: монография. – Алматы: Қазақ Университеті, 2020. – 154 б.
- 34 Казбеков Б.К., Казбекова Ж.Б., Казбекова С.Б. Государственное регулирование экономики. 2-е изд., доп.: учебник. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 342 с.
- 35 Медуханова Л.Ә. Әлемдік экономика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 186 б.
- 36 Дабылтаева Н.Е. Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2017. – 126 б.
- 37 Әубәкірова Ж.Я., Маженова Н.А., Экономика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 230 б.

- 38 Мухтарова К.С. Инновационные механизмы модернизации системы государственного местного управления и самоуправления в Республике Казахстан: монография. – Алматы: Қазақ Университеті, 2017. – 75 с.
- 39 Оңдаш А.О. Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметтері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 284 б.
- 40 Табеев Т.П. Өндірістік экономика бойынша практикум. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 142 б.
- 41 Мұхамедиев Б.М., Дуламбаева Р.Т., Рахматуллаева Д.Ж. Макроэкономика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 262 б.
- 42 Садыханова Г.А., Рахматуллаева Д.Ж., Тураров Д.Р. Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 129б.
- 43 Джаншанло Р.Е. Арыстамбаева А.З. Басқарушылық талдау: оқу құралы. - Алматы: Қазақ Университеті, 2017. – 230 б.
- 44 Садырова М.С., Султанова А.М. Экономикалық әлеуметтанудың тарихы мен әдістері: оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 100 б.
- 45 Нұрманова Б.З., Айтуғанова З.Ш., Қалиева А.Е. Экономика негіздері: практикум. - Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 176 б.
- 46 Касенов К.Р., Агзам Ә.Қ., Аманкосов А.Ж. Кәсіпкерлік стратегиялар: оқу құралы. - Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 242 б.
- 47 Сагиева Р.Қ., Арзаева М.Ж., Нургазина Ә.М., Мустафина А.Қ. Қазіргі кездегі қор нарықтары: оқу құралы. Алматы, – 140 б.
- 48 Байтанаева Б.А. Экономика инфраструктуры рынка: учебное пособие. – Алматы, 2019. – 182 с.
- 49 Аскарова Ж.А. Бизнесі бағалау. Өнд., толықт. 2-бас.: оқу құралы. - Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 222 б.
- 50 Ахметова З.Б. Ценообразование на потребительском рынке: теория и практика: монография. Алматы, 2019. – 184 с.
- 51 Аманжолов С. Мыс алыбы дамуының жаңа кезеңінде ақ басты.// Сарыарқа. 22 желтоқсан, 2017 ж.
- 52 АхметовҚ. Мыс бұлағын ағызған өңір. // ОҚ: 23 ақпан, 2012 ж.
- 53 Амандық. Р. Мыс алыбы «Қазақмыс». // ОҚ: 30 қараша 2017 ж.
- 54 Амандық. Р. Жаңа технология қол созымда тұр. // ОҚ: 29 мамыр 2017 ж.
- 55 Интернет материалдары. Googl. kz. Балқаш экологиясы.
- 56 Интернет материалдары. Googl. kz. Қазақстан Республикасының 2004 – 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы.
- 57 Интернет материалдары. Googl. kz. Металлургия Казакстана.
- 58 Қасымов Б. Ауамызды тазалайық ағайын. // ОҚ., 5 мамыр, 2005 ж.
- 59 Қожахмет М.Қ. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. – Қарағанды: 2016 ж. - 163 б.
- 60 Қазақстанның түсті металлургиясы. – Алматы: 2016 ж. – 256 б.
- 61 Өндіруші кәсіпорындар бағасының өзгеруі, өсуі және төмендеуі - <https://www.stat.gov.kz/news/ESTAT364696> (02.07.2020)

62 ҚР 2021 жылғы қаңтар-сәуір айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы - <https://primeminister.kz/kz/media/infographic/kr-2021-zhylgy-kantar-sauir-ayларындагы-aleumettik-ekonomikalyk-damuynyn-korytyndysy-zhane-respublikalyk-byudzhetin-atkaryluy-1241814> (12.05.21)

63 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы - regdoc_kk-52-1599035160 (31.12.19)